

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЖҰМА

№ 18 (7660)

8/05/2015

1935 ЖЫЛҒЫ 15 МАУСЫМНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Аманкелді Арайы

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ



ЖЕҢІС
КҮНІ

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

Жансұлтан ТАУКЕНОВ,
Аманкелді ауданының әкімі



Құрметті майдангерлер мен тыл
еңбеккерлері!
Ардақты ардагерлер!

Сіздерді Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні біздің ең қасиетті де қастерлі мерекеміз. Біз бүгін ерліктері тарих бетіне алтын әріппен жазылған Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан барлық ардагерлеріміздің өмір жолын үлгі етеміз, құрмет көрсетеміз.

Сіздердің жасампаздық істеріңіз, жанқиярлық еңбектеріңіз ұрпақтан-ұрпаққа жетеді, уақыт өткен сайын ол қайта асқақтай түседі. Жеңіс үшін жанын пидә еткендер ешқашан ұмытылмақ емес! Сіздерге мың тағзым, ардагер ағалар мен аналар!

Сіздер сияқты жеңімпаз әкелердің ұрпағы екенімізді, халықтар арасындағы достық пен бірлікті қастерлеген аға ұрпақтың жалғасы екенімізді, жасампаз істерді жалғастыру бақытына ие болғанымызды әрдайым мақтан етеміз!

Елі барда ерлер есімі ешқашан да өшпек емес. Өйткені, ерлік елге-ұран, ұрпаққа-мұра. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт еңбекке араласып, ауданның дамуына айрықша үлес қосқан ардагер аға-апаларды ұрпақтары құрмет тұтады.

Осынау айтулы мерекеде барша ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне дендеріне саулық, шаңырақтарына шаттық, бақ пен береке тілеймін!

Тәуелсіз еліміздің аспаны ашық, мерейі үстем болсын!

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТТАРЫ

ЕРЛІГІ ЕРЕН ЕРЕКШЕ ЕКЕУ



Ұлы Жеңістің 70 жылдығына жеткен майдангерлер қатары сиреп қалды. Облысымыздың кейбір аудандарында соғыс солдаттары жоқ. Ал біздің ауданымызда Жеңістің 70 жылдығын қос майдангер, қос құрдас Хайролла Бәйділдін және Ертай Мұқанов ақсақалдар аман-есен қарсы алып отыр. Әрине, бұлар соғысқа ең соңғы барған солдаттар. Кеңес әскері жауды жапырып, еңсере қуып, өз ордасында талқандауға бет алған тұста Қазақстан бойынша 1926 жылы туған жастар 1944 жылы әскер қатарына алынды. Олардың ешқайсысы мүгедек болған жоқ. Олар неміс фашистері талқандаған қалаларды тазарту ісімен шұғылданды. Рас, қайсы бірі Отан соғысы Жеңіспен аяқталған соң Жапон соғысына қатысты.

Хайролла, Ертай ақсақалдар 1926 жылы туған кісілер. Соғысқа ең соңғы барған солдаттар болумен қатар, олар бүгінде соғыстың да ең соңғы солдаттары болып отыр. Осыдан 1 жыл 3 айға дейін бұл кісілер үшеу еді. Нұрқан Тауқенов ақсақал осы екі інісімен ұзақ жыл бірге жасады. Бірақ, амал не, жазмыштан – озмыш жоқ қой. Ол кісі 94 жасында мәңгілікке аттанып кетті.

Ал, Хайролла, Ертай ақсақалдар болса Тәуелсіз Отанының құрметіне бөленіп, ортамызда жүріп жатыр. Бұл кісілердің жас ұрпаққа айтарлары көп. Алла қаласа, амандық болса екеуі де келер жылы қол ұстасып 90 жасқа келмек. Аудан халқы бүгін оларды алға ұстап, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойласа, келер жылы қос ақсақалдың 90 жасқа толған

торқалы тойын тойлауға ниет етуде. Хайролла ақсақал – өмір бойы басшылық қызметте болды. Көп жылдар совхозда бас есепші, кейін совхоз директоры, қайтадан бас есепші болып зейнеткерлікке шықса, Ертай ақсақал өмір бойы төрт түлік өсірумен шұғылданды. Төрт түліктің төресі – жылқыны да бақты. Қойды да өсірді. Екі ақсақалдың екеуі де бүгінде балаларының қолында тұрып жатыр. Бейбішелері қайтыс болған. Соған қарамастан балалары оларды алақанға салып аялап, қолдан келген барлық қызметтерін көрсетуде.

Қос майдангер Тәуелсіз Қазақ еліне, оның тұңғыш Елбасысы – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатына шексіз риза.

- Біз, бақытты майдангерлерміз.

Аллатағала бізді сақтап, осы күнге жеткізіп отыр. Осыдан 10 жыл бұрын қанша ма майдангер бар едік. Бүгінде екеуіміз ғана қалдық. Бізге жасалынып жатқан қамқорлық аз емес. Біз Тәуелсіз Отанымыздың көркейіп, кемелденіп, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылуын күні-түні тілейміз. Аллатағала өмірде қорлықты көп көрген қазақ халқына осы бергендерін мәңгілік ете гөрсін деп тілейміз. Біз Қазақ – аз халықпыз. Оның үстіне ортамызда 140-қа жуық өзге ұлыстардың өкілдері бар. Жеріміз кең болғанымен қауіп-қатер аз емес. Елбасымыз соның бәрінен бізді аман-есен сақтап келеді. Бұл кісінің саясаты өте күшті. Алыс-жақын елдердің бәрінің тілін тауып, халқын гүлдендіру жолында тынымсыз еңбек етуде. Мұндай азаматтан қалай айналмассың. Абырой-бақыты берсін деп тілейміз. Ол халқын ешкімнің табасына қалдырмайды деп сенеміз. Жеңіс тойы – біздің ғана тойымыз емес. Барша халықтың тойы. Сондықтан, Жеңістің 70 жылдық тойы құтты болсын! – дейді қос қария көздеріне жас алып.

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА,
Суреттерде: Ұлы Отан
соғысының ардагерлері Хайролла Бәйділдін мен Ертай Мұқанов.

ЖЕҢІС КҮНІ ЖАСАСЫН!

Әнет ЖҰМАБЕК

Өрт алғанда жер үстін,
Сілкінгенде тыныш түн.
Қаһармандық ерлікпен,
Жеткен бізге Жеңіс күн.

Батырлардың серкесі,
Биік таудай еркеші.
Бигелдинов Талғат та,
Еліміздің еркесі.

Ғажап ерлік жасаған,
Бауыржан мен Мәлігім.
Әлия, Мәншүк құшағы ән,
Шарболаттай берігім.

Ерекше ғажап ерлікпен,
Батырлық жасап ел құткен.

Бірінші болып Рақымжан,
Рейхстаққа ту тіккен.

Ерлігіне ел сеніп,
Жапырған жауын еңсеріп.
Тұлға болды ерекше,
Партизан Қасым Қайсенов.

Қазақта көп батылдар,
Қамал бұзған батырлар.
Олардың жойқын ерлігін,
Жыр қылған талай ақындар.

Қадірі зор Жеңістің,
Бақыты ол ұлыстың.
Дегенмен енді біздерге,
Керегі жоқ соғыстың.

Аман болып Елбасың,

Тату болсын жолдасың,
Қазақстан қарыштап,
Болмасын соғыс, болмасын!

Жеңіс туы желбіреп,
Жүректері елжіреп,
Ер ардагер аталар,
Жүз жасасын, жаужүрек.

Болсын - мәңгі ел аман,
Болсын - мәңгі жер аман.
Бейбітшілік, татулық,
Ынтымағың, ол аман.

Өрт алғанда жер үстін,
Сілкінгенде тыныш түн.
Қаһармандық ерлікпен,
Жеткен бізге Жеңіс күн.

Соғыстың Жеңіспен аяқталуын сағына күткен Совет елі, соның ішінде қазақ халқы Ұлы Жеңіс күні және одан кейін туған балаларға Жеңіс деп, Жеңісбек деп, Жеңісбай деп, Жеңісхан деп, Жеңісжан, Жеңісқұл деп есім берген. Бірақ оның да өзіндік сырлары болған. Ауданымыз бойынша Жеңіс атанған азаматтар кезінде мол еді. Бүгінде олардың қатары сиреген. Солардың ішінде 1945 жылдың 9 мамыры күні туған ауданымыздың бетке ұстар белді азаматтарының бірі Жеңіс Әбдіқұлы Махатовтың орны ерекше. Бұл кісі бала кезінен бастап, күні бүгінге дейін ауданымыздың спорт саласында жемісті қызмет жасап келеді. Халқымыз Жеңіс тойын тойласа, Жеңіс ағамыз да сол күні өзінің туған күнінде тойлайды. Оның туған күнін ел болып тойлайды. Сондықтанда біз бүгін Жекенмен сұхбат құруды жөн көрдік. Ағамыз біздің ұсынысымызды құп алды. Төменде сол сұхбат оқырман назарына ұсынылып отыр.

- Жеңіс аға, сіздің есіміңізді Жеңіс деп қай жеңістің құрметіне қойған?

- Мен 1945 жылдың 9 мамыры күні таң алдында дүниеге келіппін. Ол кезде қазіргідей байланыс дамымаған. Оның үстіне сол күні Жеңіс болатынын кім білген. Әкем марқұм діндар кісі еді. Кітап ашып, азан шақырып есімімді Файзолла қойыпты. Содан күн сәскелікке келген кезде соғыс жеңіспен аяқталғаны туралы хабар жетеді. Ел мәре-сәре болып қуанады. Қуанбаған жан қалмайды. Әкем күзлік алуға селолық атқару комитетіне барады. Сол кезде селолық атқару комитетінің хатшысы Қайрош Ілиясов деген кісі екен. Ол әкеме: «Әбеке, бүгін бүкіл Совет халқы, қалды дүниежүзі қуанып жатыр. Балаңыздың туған күні, жылы, айы Ұлы Жеңіске сай келіп тұр. Файзолла дегенді қойыңыз. Мен бұның атын Жеңіс деп жазып қойдым» дейді. Әкем үндемей, куәлікті қолына алып, үйге келеді. Сөйтіп мен әуелі Файзолла, кейін Жеңіс аталған адаммын. Жеңіс атануымның себебі осы.

- Қай жерде туып-өстіңіз, ата-анаңыз жайлы айта кетсеңіз?

- Бұрынғы Куйбышев колхозының, қазіргі Үрпек ауылының тумасымын. Өмірге Торғай өзенінің жағасында келіппін. Әкем Әбдік Махатов - жоғарыда айтқанындай діндар, елге сыйлы, ұзақ жылдар ферма меңгерушісі болған. Ал анам - үй шаруасындағы кісі екен. Әкем қызмет істемеген, көпті көрген, сол кездің өзінде дінді берік ұстанған адам болатын. Ол кісі қызметке қатты қарады. Колхоздың, кейін совхоздың жұмысын бірінші орынға қойды. Бізді, балаларын да адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеледі. Марқұм еліміз Тәуелсіздігін алған кезде ауданда бірінші болып мешіт салдыруды бастады. Бұл кісінің арқасында Үрпектегі және Аманкелдідегі екі мешіт салтанат құрды. Біз үшін әке-шешеміздің айтқаны - бұлжымайтын заң болды. Анам да, біз де әкемің бетіне бір рет қарсы келіп көрген емеспіз. Ол кісі не айтады, сол орындалатын.

- Сіз қандай оқу орындарын бітіріп, қандай қызметтер атқардыңыз? Еңбек жолың қай жерден бастадыңыз?

- Үрпектегі Жаңауыл жетіжылдық мектебін бітіргеннен кейін, 1961 жылы қазіргі күні Рудныйда орналасқан, бұрын Мендіқарада болған Ы.Алтынсарин атындағы пед училищеге оқуға түсіп, оны 1965 жылы тәмамдап шықтым. Содан соң өзім оқыған Жаңауыл орта мектебіне дене тәрбие пәні мұғалімі болып қызметке орналастым. Бір жыл еңбек етіп, 1966 жылы 21 жасында әскер қатарына шақырылып, азаматтық борышымды Мәскеуде өтедім.

- Спортпен қай кезден бастап шұғылдандыңыз және сізді спортқа тәрбиелеген ұстазыңыз кім?

- 14 жасымнан бастап шұғылдандым. Алғашқы бапкерім - Ленинград қаласының тумасы, 1948 жылы Совет Одағының және Қарулы Күштерінің чемпионы болған Борис Иванович Макаров болды. Мен оның үздік шәкірті болдым. Бұл сезімнің дәлелі - ол кісі мені Ленинград қаласына шақырды, бірақ әке-шешем қарсы болып, жібермей қойды. Сөйтіп, ауылда қалдым. Ал Борис Иванович 1965 жылы біз Мендіқара педучилищесін аяқтағаннан кейін өзінің Ленинградта кетті. Ұзақ жыл сол қаладағы спорт мектебінің директоры болып қызмет жасап, бертін келе дүниеге салды. Біз көп жылдар бойы хабарласып тұрдық. Күні бүгінге дейін ұстаыма мында бір рахмет, сол кісінің мені дайындағаны, берген білімі әлі күнге дейін азық болып келеді. Борис Ивановичтің тәрбиесінің арқасында қазіргідей биік белестерді бағындырып, осы дәрежеге жетіп отырмын.

- Шәкірттеріңіздің көбі сізді жас кезіңізде боксшы болған,- дейді. Осы рас па, сонымен қатар қандай спорт түрлерімен айналыстыңыз?

- Алғашқы кезде бокспен айналысқаным рас. Ал боксшы болу үшін алдымен жеңіл атлетикамен айналысу керек. Себебі, жеңіл атлетика адамды шапшаңдыққа бейімдейді. Жеңіл атлетикамен айналысқан адамның аяқ-қолы бірдей қимылдайды. Ол бәрін ерте сезіп тұрады. Халқымызда «Қасқырды аяғы асырайды» деген нақыл бар ғой. Сол сияқты, боксшы да жеңіске аяғының төзімділігімен жетеді. Мұны маған Борис Иванович айтқан. Сондықтан да мен боксшы болған кезде жеңіл атлетикамен қатты айналыстым. Осының арқасында жеңіл атлетикадан Қостанай облысы бойынша 1961-1965 жылдары 4 дүркін чемпион болдым. 100 метр қашықтыққа жүгіруден 4 жыл бойы алдыма жан салған жоқпын. Сосын дәрежем одан әрі көтерілу үшін салмағымды 75 килограмға көтеруге кірістім. Себебі ол кезде менің салмағым 61-63 килограмм болатын. Енді шаңғымен айналыстым. Шаңғыдан, жеңіл атлетикадан және бокстан СССР-дің спорт шеберлігіне үміткермін. Ол кезде СССР спорт шеберінің үміткері атағын алу деген өте қиын еді. Ал қазіргі күні қолыңды екі рет сермесең - спорт шеберісің. Ол уақытта қазақтарды алға шығармайтын. Ұлттық кемсітушіліктер, кедергілер болғанын

айта кеткеніміз жөн. Ұмытып барады екем, сол жылдарда мен Қазақ ССР әскери округінің чемпионы болғанмын. Егер одан әрі шұғылдана бергенімде қандай дәрежеге жететінімді бір Құдай біледі. Жаман болмайтын едім, бірақ маған үлкен қалаларда тұрудың сәті түспеді. Қартайған әке-шешемді бағуыма тура келді. Соның салдарынан ауылда қалып қойдым. Бір өкінішім де - осы. Не істейсін, тағдырдан аса алмайсың. Дегеніне көнесің.

- Жеңіс аға, жасыңыз 70-ке келседе спорт саласында қажымай-талмай еңбек етіп, қызмет жасауыңыздың сыры неде?

- Мен мұның сырын былай деп түсіндірем: Спорт - менің жан серігім. Спортшы болғың келсе - спортты жан-тәнімен сүйуің керек. Жалпы адам қандай саланы тандасада, сол саланы ессіз жақсы көруі шарт. Егер сол салаңды сүймесең - онда жақсы нәтиже болмайды. Спортта да солай. Оны сүймеген адамнан ештеңе шықпайды. Мысалы: мен өзім жоғары білімді тарихшымын. Атақты ҚазҰУ-дің тарих факультетін тәмамдағанмын. Бірақ солай бола тұра тарихтан - спортты бірінші орынға қоямын. Себебі менің бар ғұмырым спортпен өтті. Бейбітшілікті сақтайтын, елді, жерді, мемлекетті танытанын өнердің бірі де бірегейі - спорт! Қазақ халқын

аймақтық сайыстарға салып, жүлделі орындарды иеленіп келеміз. Ал ертеректен айтсам өткен ғасырдың 70-інші жылдары Қолдасбаев атындағы мектепте (бұрынғы Киров мектебі) Хайролла Хасеңұлы, Амантоғайда Жеңіс Дүйсенбаев, Аманкелді орта мектебінде Ағыбай Төлегенов секілді жастар жаттықтырушы болды. Бұл жігіттердің бәрі де спорт десе - ішкен астарын жерге қоятын. уақытпен санапай дайындық жүргізетін. Бауыржан Момышұлы сияқты айтсақ шәкірттерін от пен суға пісіретін. Нәтижесінде сол кезде аудан спорты жоғары деңгейге көтерілді. Аудан спорты - Аманкелді елінің намысын қолдан берген жоқ. Көптеген спортшылар жүлдегер атанды. Осының нәтижесінде маған 1975 жылы Қазақ ССР оқу ісінің үздігі атағы берілді.

- Қазіргі шәкіртіңіз Елдархан Ағатапов жайлы не айтасыз, ол баладан үлкен үміт күтуге бола ма?

- Дайындап жүрген шәкірттеріміздің кіші тобындағы ең жасы Елдархан Ағатапов. Ол болашағынан үлкен үміт



САҢЛАҚ СПОРТШЫ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, БІРЕГЕЙ БАПКЕР

ҚАЗАҚ ССР-НІҢ ЧЕМПИОНЫ, СССР СПОРТ ШЕБЕРЛІГІНЕ ҮШ ДҮРКІН ҮМІТКЕР ЖЕҢІС ӘБДІҚҰЛЫ МАХАТОВПЕН СҰХБАТ

бұрын батырлар танытса, қазіргі танның сол батырлары - спортшылар! Спортшы - жас па, кәрі ме, үнемі бабында болуы маңызды. Не нәрсеге де жан-жақты дайындық керек. Дайындыксыз, тер төпей - жеңіске жетем деу - бос әурешілік. Ал менің 70-ке дейін бабымда жүруім - спорттың арқасы деп білемін.



- Аудан халқы сізді ерекше құрметтеуінің сыры неде?

- Міне, 50 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп келемін. Атап айтар болсам: жеңіл атлетикадан, шаңғыдан, бокстан жастарды тәрбиелеп, оларды облыс және республика чемпиондары дәрежесіне жеткіздім. Бұл жетістікке жетуіме өзімнің еңбегіммен қатар таңдап алған шәкірттеріміздің мол тер төгіп, дайындалуының әсері көп болды. Бүгінгі таңда да жастарды бокстан дайындап, ауданаралық, облыстық,

күттіріп отырған дарынды спортшы. Мен 50 жылдық жаттықтырушылық уақытымда мұндай қабілетті баланы кездестірген жоқпын. Елдархан қазір не бары 10 жаста. Ол аз уақыттың ішінде үздік нәтижелер көрсетуде. Оның бүгінге дейін 21 жекпе-жегі болды. Осының 3-еуінде ғана жеңілді. Ал қалған 18 жекпе-жегінде бірінғай жеңіп келе жатыр. Күні кеше ғана Арқалық қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып 2001-2006 жылғы туғандар аралығында бокстан өткен ашық турнирде алдыңғы үш жекпе-жекте жеңілген 2 қарсыласымен кездесіп, олардың екеуін де тізе бүктіріп жеңіп шығып, 1-ші орынды иеленді. Алла амандығын берсе, таяуда Науырым ауданы әкімінің кубогі болады. Бұл дәстүрлі турнирде 7 облыстың командалары бақ сынасады. Аты аймақтық болғанымен, бұл республикалық турнир деп айтуға болатын сайыс. Астанадан, Ақтөбеден, Атыраудан, Маңғыстаудан, Петропавлдан, Павлодардан, Қостанайдан командалар болады. Былтыр осы турнирде Елдархан 3-ші орынды иеленді. Ол кезде бұл - үлкен жетістіктің бірі болатын. Бұл жолы Елдархан бабына келген тұлпар сияқты жалындап тұр. Алла нәсіп етсе, жақсы нәтижеге жетеміз деген сенімдемін. Мен үшін боксшы шәкірттеріміздің ішінде Елдарханның орны ерекше. Құдайғала оны тіп-көзден сақтасын деп тілеймін. Ол әлі жас. Мен болсам 70-ке келіп тұрмын. Елдархан алдағы уақытта оқуға барса қандай бапкер кездеседі? Бір тамаша бапкер кезіксе екен деп жүрмін. Егер Елдархан бокспен одан әрі шұғылдана - Қазақстанның атын биікке шығаратын Серік Сәпиев, марқұм Бекзат Саттарханов секілді тамаша боксшы боларына шүбәм жоқ. Елдархан - менің үлкен спорттағы болашағым.

- Аға, енді отбасыңыз туралы әңгімелеп берсеңіз?

- Отбасым жөнінде жоғарыда айтып өттім ғой. Жолдасым Ботағөз Махатов - көп жылдар мұғалім болып, шәкірттер тәрбиеледі. Қазір зейнеткер. Бірақ зейнеткермін деп қарап отырған жоқ. Ісмерлікпен айналысады. 5 баламыз

бар. Олардың үшеуі - мұғалім. 12 немереміз, бір шөбереміз өсіп келеді. Кіші қызым Сәуле балабақшада қызмет істейді. Ол өзім тәмамдаған бір кездегі Мендіқарадағы, қазір Рудный қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педучилищесінің музыка бөлімін қызыл дипломмен бітірген. Методикалық екі кітаптың авторы.

- Жеңіс аға, білетіндер сізді жақсы музыкант дейді?

- Ия, домбырада, баянда, қобызда, мандалинде, сыбызғыда ойнаймын. Бірақ, оны қумадым. Спортпен айналысып кеттім. Ол үшін өкінбеймін. Кім біледі, менің музыкалық жолымды балаларым мен немерелерім қуар.

- Аудан спортын қалай жоғары деңгейге қалай көтеруге болады?

- Бұл мені қатты толғанып жүрген мәселе. Аудан спортын жоғары деңгейге көтеру үшін спортшылар мен жаттықтырушылар өз мамандықтарын шексіз сүйелері керек. Олар сол кәсіптен басқа ешнәрсеге алаңдамауы шарт. Алдына мақсат қойған адам - оған жетеді. Өткен, бізде спортты ессіз-түссіз сүйетін мамандар аз. Өмірде спортпен беріліп айналыспаған, спорттың не екенін білмейтін мамандар да жүр. Оларға уақыт өтсе болды. Жалақы алып, бала-шағасын асыраса - жетіп жатыр. Бүгінде ең жеңіл оқу - дене тәрбиесі мұғалім болып қалды. Оны зордың күшімен бітіріп келгендер мектептерде мұғалім болып жүр. Олардан қандай нәтиже күтуге болады? Мұндай жағдайда спорт дамымақ түгілі кері кетеді. Көпке топырақ шашпаймын, жақсы спортшылар бар. Бірақ қазіргі таңда біздің кезіміздегі Сүлейменов Әділхан, Жұманов Бақытжан, Хасенов Хайролла, Дүйсенбаев Жеңіс, Төлегенов Ағыбай сынды мықты спортшылар мен мықты жаттықтырушылар жоқтың қасы. Демек, аудан спортын көтеру үшін жаттықтырушыларды аттестациядан өткізу керек. Бұл ретте тамыр-таныстыққа, туыстыққа жол берілмеуі шарт. Мықтылар іріктелініп алына, олар мықты шәкірттер дайындайды. Сосын аудан спортын жаңа биікке көтеру үшін оның барысын жіті назарда ұстаған жөн және спорттың материалдық жағына көп көңіл бөлінгені пайдалы. Жаттықтырушылардың спорттың қанша түрі болса, соның бәріннен жан-жақты хабары болу керек. Білмеген жаттықтырушыдан білікті спортшы шықпайды. Аудандағы барлық мектептерде дене тәрбиесі пәні жоғары деңгейде жүргізілсе екен деп армандаймын.

- Жеңіс аға, әңгіменізге көп-көп рахмет! Аудан спорты туралы сіз айтпағанда кім айтады. Міне, бүгіндері сіз 70 жасқа толғалы тұрсыз. Бұл адам өміріндегі ең бір ыстық шақ деп есептелінеді екен. Сізді 70 жасқа толуыңызбен құттықтаймын. Жаңа жеңістер тілеймін! Жамбыл ағамыз секілді 100-ге жетіңіз.

- Айтқаның келсін, айналайын. Біз топырағынан небір дарынды ұл мен қыз шыққан ауданның перзенттеріміз. Аманкелді елінің биіктен көрінетін кезі келді. Бір кезде ауданымызды 15 Социалистік Еңбек Ері аспандатса, енді бүгінгі ұрпақ та сол аға-бабаларымыздай туған өміріміздің мәртебесін асқақтата берсін деп тілеймін. Сұхбаттасқаныңа рахмет.

Сұхбатты жүргізген Қ.ӨМЕНҰЛЫ
Ә. ШАЛАБАЙ

Суреттерде: Ұлы Жеңістің 70 жылдығы күні 70 жасқа толып отырған спортшы Жеңіс Әбдіқұлы МАХАТОВ және оның жартығасырлық бапкерлік қызметінде ең талантты деп таныған дарынды боксшы шәкірті Елдархан Көбекұлы АҒАТАНОВ.



МАЙДАНГЕРЛЕР — ҚАҒАРМАН ҚАЙРАН ЕРЛЕР, ЕСІМДЕРІН ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА ӨРЛЕР!

Камали ДОСЖАНҰЛЫ — 1906 жылы туған. 1943 жылы Отан соғысына қатысып, Латвия, Беларусь майдандарында соғысқа қатысқан. Бірнеше медальдармен марапатталған. Елге оралған соң бірнеше жауапты қызметтер атқарған.

Әйбек ӨТЕБАЙҰЛЫ — 1908 жылы Жыланшықта туған. Әскерге 1942 жылы 25 шілдеде шақырылып, Сталинград қаласының маңындағы ұрыстарға қатысқан. Елге 1944 жылы оралған. Колхоздарда ферма меңгерушісі болған. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен наградталған.

Қабден БОРЖЫҚОВ — 1909 жылы Нарөлгенде туған. Отан соғысына 1943 жылы шақырылып, елге 1945 жылы оралған. Қызыл Жұлдыз, Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

Ұқыш СЕЙЛОВ — 1910 жылы Сарыторғайда туған. Әскерге 1942 жылы шақырылған. Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен және бейбіт өмірде Құрмет белгісі орденімен марапатталған.

Майкен БОРЖЫҚОВ — 1912 жылы Нарөлгенде туған. 1937 жылы Қостанайдың 2 жылдық мұғалімдер институтын бітіріп, мұғалім болған. Әскерге 1942 жылы шақырылып, Москваны қорғауға қатысқан. 1943 жылы Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

Райжан ТАУБАЕВ — 1915 жылы 1 қаңтарда Мұқыр ауылында туған. Әскерге 1942 жылы шақырылып, I Украина майданында соғысқан. 1943 жылы ауыр жараланып, елге оралған. Көп жылдар есеп қызметкері болған.

Сейдағали АБДРАХМАНОВ — 1915 жылы 9 мамыр күні Үрпек ауылында туған. Әскерге 1941 жылы тамыз айында алынып, Сталинград майданында алғаш соғысқа кіреді. III дәрежелі Даңқ орденімен марапатталған. Соғысты 1945 жылы аяқтап, 1 жыл әскери қызметте қалдырылады. Елге 1946 жылы оралып, ішкі істер бөлімінде қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Ертең — 9 мамыр күні С.Абдрахмановтың туғанына 100 жыл толады.


Бибалта ИБРАЕВ — 1915 жылы Есирде туған. Әскерге 1941 жылы алынып, 1942 жылы жараланып, елге оралған. Әр түрлі қызметтер атқарған.

Мейзам ЖАРАСҚАНОВ — 1916 жылы Амантоғайда туған. Әскерге 1941 жылдың шілде айында алғашқылардың бірі болып алынып, Ленинградты қорғаған. 1944 жылы қаңтар айында ауыр жараланып, II топтағы мүгедек болып елге оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Қабдуәли РЫСКҰЛОВ — 1918 жылы Бүйректалда туған. Әскерге 1942 жылы шақырылып, Сталинградты қорғаған. Ерлігі үшін медалімен марапатталған. Курск, Орел үшін ұрыста жараланып, 1944 жылы елге оралған.

Қабылда САДЫҚОВ — 1918 жылы Торғай үйезіндегі Көкалатта туған. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, шоферлік курсты бітіріп, Жәркент әскери комиссариатында мамандығы бойынша жұмыс істеген. Әскер қатарынан 1946 жылы босап елге келген. Крупская атындағы совхозда шофер болған.

Сабыршын СЕЙТҚОЖИН — 1920 жылы Алакөл ауылында туған. 1941 жылы соғысқа шақырылып, ұрыстарға қатысып, әскерден 1946 жылы



Суреттерде: (солдан оңға қарай) Бірінші қатарда: Камали Досжанұлы, Әйбек Өтебайұлы, Қабден Боржықов, Ұқыш Сейлов. Екінші қатарда: Майкен Боржықов, Райжан Таубаев, Сейдағали Абдрахманов, Бибалта Ибраев. Үшінші қатарда: Мейзам Жарасқанов, Қабдуәли Рысқұлов, Қабылда Садықов, Сабыршын Сейтқожин.

Төртінші қатарда: Әбдік Оспанов, Мырзақан Нұрғазин, Төлеш Мақышұлы, Ақылбек Молдабекұлы. Бесінші қатарда: Шоқпарбай Токсейітов, Қаһар Жүнісов, Мұқыш Сарин, Кенжеғали Смағұлов. Алтыншы қатарда: Қазтай Ахметжанов, Қарқынбай Өтеулин, Мұсағали Оспанұлы, Мұхамедия Досымбек.

оралған. Түрлі қызмет істеді.

Әбдік ОСПАНОВ — 1920 жылы 3 наурызда Аманкелді ауданында туған. Әскерге 1941 жылы шақырылып, соғысқа қатысқан. Елге 1945 жылы оралып, совхоз байланыс бөлімшесінде жұмыс істеген. Ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталған.

Мырзақан НҰРҒАЗИН — 1921 жылы 17 ақпанда Қабырғада туған. Әскерге акушер-фельдшер болып қатысқан. Әскери госпитальда қызмет еткен. Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған. Елге оралған соң эпидемиолог-дәрігер болып қызмет істеген.

Төлеш МАҚЫШҰЛЫ — 1922 жылы Жаңатұрмыста туған. Білімі орта. 1942 жылы 5 ақпанда әскер қатарына шақырылып, Украина жерінде Воронеж қаласын азат етуге қатысқан. 1945 жылға дейін Орск, Оренбург қалаларын жаудан қорғаған. Бірнеше медальдармен марапатталған. Аудандық тұтынушылар одағында бухгалтер болып қызмет істеген.

Ақылбек МОЛДАБЕКҰЛЫ — 1922 жылы Үрпек ауылында туған. 1941-1944 жылдар аралығында соғысқа қатысқан. 1944 жылы бір қолынан жараланып елге оралған. Қой баққан.

Шоқпарбай ТОКСЕЙІТОВ — 1922 жылы Кеңаралда туған. Әскерге 1941 жылы алғашқылардың бірі болып алынған. Сталинградты қорғаған. Елге 1945 жылдың аяғында келген, жауапты қызметтер атқарған.

Қаһар ЖҮНІСОВ — 1923 жылы Батпаққарада туған. Балалар үйінде тәрбиеленген. Әскерге 1941 жылы шақырылған. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Мұқыш САРИН — 1923 жылы Кемер ауылында туған. Әскерге 1942 жылы шақырылып, сол жылы соғысқа қатысқан. Екі рет жараланған, жазылып шығып соғысқа қайта қатысқан. 1945 жылы елге оралған. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Кенжеғали СМАҒҰЛОВ — 1923 жылы Чкалов ауылында туған. 1942 жылы әскерге алынып, соғысқа қатысқан. Елге I топтағы мүгедек болып оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Қазтай АХМЕТЖАНОВ — 1925 жылы 1 қаңтарда Батпаққарада туған. 1943 жылы әскерге алынып, 382 АП құрамында қатардағы жауынгер болған. Соғыстан 1945 жылы босап келген соң, аудандық баспаханада 30 жыл (1946-1976) директор болған. Аудан баспагерлері мен журналистерінің құрметті ұстаздарының бірі. 1994 жылы 69 жасында қайтыс болған.

Қарқынбай ӨТЕУЛИН — 1925 жылы 9 мамырда Батпаққарада туған. Әскерге 1943 жылы шақырылып, 1944 жылы ауыр жараланып, елге оралған. Соғыстан кейін аудандық тұтынушылар одағында өмірінің соңына дейін дайындаушы болып қызмет жасаған.

Мұсағали ОСПАҢҰЛЫ — 1926 жылы 15 қазанда Батпаққарада туған. Әскери шені кіші сержант, соғысқа 1944 жылы қатысқан. 1950 жылға дейін әскер қатарында болған. Елге келген соң әртүрлі қызметтер атқарған.

Мұхамедия ДОСЫМБЕКОВ — 1926 жылы 15 қазанда Қайғыда туған. Әскерге 1944 жылы алынып, Одер операциясына қатысқан. Елге оралған соң бірқатар мекемелерде бас есепші болып қызмет істеген.

Топтаманы әзірлеген С.СЫҒАЙ

СҰРАПЫЛ СОҒЫС, ТЫЛДАҒЫ ТІРЛІК ЕСІМДЕ

Құрметті оқырман! Қазақ мемлекетінің кеңестік дәуіріндегі көрнекті қайраткерлердің бірі – Сәлімгерей Тоқтамысов біздің ауданымызда екі рет үлкен қызмет атқарды. Әуелгіде 1935-1937 жылдарда ауаткомның жауапты хатшысы болса, екінші жолы 1942-1946 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Ол кісі 1945 жылғы Ұлы Жеңіс тойын Мырза ишанның Қаройы деп аталған қазіргі Ә.Боранбаев атындағы орта мектеп орналасқан жерде өзі бас болып өткізген. Бұл той – өте қызықты өткен. Аудан халқының сондағы қуанышын Жаңбыршы Жанғабылов, Байпақ Татаев ақсақалдар көздеріне жас алып, С.Тоқтамысовқа деген алғыстарын да баян ететін.

С.Тоқтамысов – кейін Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Қазовпрофтың төрағасы болған. Төменде ол кісінің «Сұрапыл соғыс, тылдағы тірлік есімде» атты естелігін (А.Иманов музейінің сол кездегі директоры Мұрат Бәкенұлының сұрауы бойынша 1985 жылы жазған) назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Менің жас уақытымның біразы Аманкелді ауданының еңбекшілеріне қызмет көрсетумен өтіп еді... Отан соғысынан бұрын еңбекшілер депутаттары аудандық атқару комитетінің жауапты секретары (ол кезде осылай аталатын) болып, асыра сілтеудің зардабын жоюда партия, совет, комсомол активтері болып үлкен қызмет атқарды.

Ауданның жүдеген экономикасын, артта қалған мәдениетін көтеруге ат салысқан кез еді. Ол кездегі жүргізген жұмыстарымыз - еңбегіміздің куәлары Жаңбыршы Жанғабылов, Байпақ Татаев, Жұмабай Қалақасов т.б. болатын. Әрине, бізге жол көрсетіп, тәрбиелеген ағаларымыздың қазір көздері жоқ ғой деймін. Олар түгіл, бұдан жарты ғасыр бұрын комсомол болып, жан аямай қызмет атқарған біздің алдымыз 80-ге, артымыз 70-ке келіп қалдық. Біз сол қиыншылықта тәрбиеленіп, ер жетіп, есейіп, ауыр

тұрмыстың мектебінен өтіп едік. Осы алған тәрбиеміз бізді шынықтырып, ұлы Отан соғысының бастауында жігерлі большевик, қатардағы партия кадры болуымызға жол ашты.

Аманкелді ауданы үшін үлкен ауыр кезең (барлық Отанымыз үшін сияқты) Ұлы Отан соғысы болды. Мен ол кезде партияның жолдасымен ауданның партия ұйымын басқаруға жіберілдім. Көрген қиыншылықтарымыз біздің ғана емес, әсіресе, халықтың көрген ауыртпалығын ауызбен айтып жеткізудің өзі қиын.

Аудан еңбекшілерінің үлкен күйзелісі жалғыз маған емес, аудан активтеріне ой туғызып, ұйымшылдықпен, шын берілгендікпен халыққа адал еңбек етуге шақыру - күнделікті жұмыс болды. Жоғарыда айтылған Байпақ, Жаңбыршы, олармен қатар менің жәрдемшілерім, үзегілерім: Жұмабек, Жұмағали, Байдаулет, Өтеп, Гүлбатир, Жәлел, Молдағали



Сәлімгерей ТОҚТАМЫСОВ, мемлекет және қоғам қайраткері

Ғалымжанов, Байжан, Ерғазы, Бірмағанбет, Әуезхан, Досымбек Есжанов, Хамзалар (Жабаев, Нұржанов), Нұрқан, Халық, Бахыт, Мәсура, Әлфия, Ұлтуған т.б. бәрінің атын айта берудің өзі - 40 жылдан артық уақыт өтті ғой, ұмытып қалыппын, айтылмай қалдық деп өкпелемесін, сол кезде қиыншылықпен үлкен әрі ауыр жүкті бірге көтеріскендердің бәрі есімде, өмірлік ұмытпаймын. Оларға рахмет айтамын.

Аудан орталығындағы жігіттердің бірлігімен қатар колхоздар мен ауыл советтерді басқарып жүрген коммунистер мен партияда жоқ большевиктердің соғыс тәртібімен еңбек етуі, бар күші мен жігерін

ауданның шаруашылығын ілгері апарып, халықтың мұң-мұқтажына барынша көңіл бөліп, жетім-жесірлерді асырап, бағудың өзі бір ғажап адам айтқысыз еңбек еді ғой. Міне, осыныша уақыттан кейін ойға алып, кейінге көз жіберетін болсақ, адам айтса нанғысыз жұмыстар атқарған сияқтымыз.

Ол кезде жанқиярлық еңбек еткен, бәрін Жеңіс үшін, халықты аман сақтап қалу үшін күн-түн демей жүрген саңлақтардың көбі болмауы да мүмкін, дегенмен еске түсіре жүргеніміз, жастарға айта жүргеніміз жөн болар еді.

Мен білетін мынау ардақты ақсақалдарымыз (сол кездегі) бен азаматтарымыз: Бисапақ, Тұрғын, Маулен, Досан, Құрман, Намазбай, Жәкен, Жүсіпбек, Молдағали, Әбду, Жұматай, Темірғали, Әмір, Жолдас, Өмірбек, Айшағұл апай Мұсағалиева, Мағрипа, Қыпшақбай, Шағыр, Молдағалым, Мәкен, Шарипа, Уәсила, осылар сияқты сол кезде адал еңбек еткендер толып жатыр ғой, бірқатарын ұмытып қалған сияқтымын, өздерін қосарсындар. Бұлардың бәрін 40 жылдың ар жағындағы еңбектері үшін атап отырмын, одан бері көп уақыт өтті ғой, өмірдің енгізген (бұлар жөнінде) өзгерісі болса, кешірсіндер.

Қатардағылардан бір топ Еңбек Ерлері де шығып еді – Мұқыш, Қошан.....атақ алмаған мен Фазыл, Шомбал, Бейсен, Италмас, тағы осылар сияқты ардагерлер де көп еді ғой, бұлар да есте болғаны жөн ғой.

Аманкелдінің аруағын көтеруде бірқатар еңбек еттім деп айта аламын ғой деймін, мен үшін бұл 1935-1937 жылдары басталып, соғыс кезінде Аманкелдінің үзегілерінің көзі

тірі кезінде (Әлжан, Басбақпай, Омар Шипин, Мәкен, Бірәлі Бәйтенев т.б.) батырдың даңқы мен аруағын Одаққа жоғары көтеріп едік. **Соғыстың ауыр жылдарына қарамастан 1944 жылы қаза тапқанына 25 жылдық асын беруіміз, оған Әлекен бастаған қонақтарымыздың келуі, көрші облыстардан делегациялардың қатысуы т.б. батырдың аруағы риза болған еді ғой.** Бұл тойымыз осы кездің өзінде бірқатар қауымның есінде қалған шығар. Сол атқа шауып жүрген балалар ер жетіп, жігіт болды, қызмет көрсетіп жүрген жігіттер мен көкпар тартып, далақтап шауып жүргендердің өзі мосқал, елдің ағасы, үйдің атасы болып кеткен шығар.

Пікір бөлісіп, айтылатын сөз көп қой, амандық болса Аманкелді ауданына барғым келеді, сол кезді біраз жыр етерміз, ол кездегі жастар еді, қазір шал болып отырған достарыммен.

Музейлерінде «Аудан Ұлы Отан соғысы кезінде» деген бөлімдерің бар шығар, соны кеңейте түсіндер. Қолымдағы архивтен бірқатар хаттар мен (фронттан келген) құжаттардың көшірмесін жіберіп отырмын, пайдалануларына жарайтын шығар.

Менің осы хатымды Жаңбыршы, Байпақ, Асқар, Байжанға көрсетіндер, қосып-алам десе, осылардың қолынан келуіне және мен осылардың тазалығына, тарихқа қиянат жасамауына сенемін.

Бұл жазба асығыс жазылды. Кейін түзерміз. Сағынышты сәлеммен! Көріскен-ше күн жасы!

23.04.1985 ж. Жамбыл қаласы.

Суретте: мемлекет және қоғам қайраткері Сәлімгерей ТОҚТАМЫСОВ.



КӨЗ БЕН КӨҢІЛ

СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ ҚҰНДАҚБАЙ БЕРДЕНҰЛЫ
ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Қонақбай ТЕМІРЖАНҰЛЫ, ақын, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері

Төзе алмайтын жөнсіздікке тіл қатпай, Әкемнен құрдас еді Құндақбай. Қара емендей қайсар туған жарықтық, Өжеттігімен өтті беті бір қайтпай.

Қан майданда беріп келген бір көзін, Құндақбайдай қайсар жанды білмедім. Көптің бірі - емес еді ол анық, Жүре берер місе тұтып тигенін.

Тірлік қысқа әудемге әуен созғандай, Сол тірлікті қастерледі ол қандай?! Әділеттің жаршысымын дер еді, Шыны көзі тесірейіп қозғалмай.

Екі сөйлеп көрген емес түрленіп, Жиындарда сын айтқыш-тын түйреуік. Содан ба екен, сол кездегі бастықтар, Осы шалдан жүруші еді именіп.

Жағынуды - бірдей көріп өлгенмен, Ісі жоқтай көрінсе де өзге елмен. Бастық көрсе - бас терісі құрыстап, Соқтығатын мінездерін көз көрген.

Кешең тартып еңкейгенде өмірі, Арызанды ескірген соң жер үйі. Аупарткомға, ауаткомға сан барып, Қалды қарттың басшылардан көңілі.

Алдан шығып әр жерде айтқан сындары, Өтінішін немқұрайлы тыңдады. Өрнемені сылтау етіп әйтеуір, Құндекеңе бір баспана қимады.

Коммунизм елесімен нұрланып, Заман еді ел жүретін ырғалып. Үй бөлетін ауаткомда төраға, Дөң мінездеу, дөкір еді Дұрбаев.

Майдангер деп, мүгедек деп именбей, Ай күттірді, жыл күттірді, үй бермей. Ісіп-кеуіп отыр екен бір келсе, Құндақбайда бәсі кетіп жүргендей.

- «Шегі менен шеті бар ғой төзімнің, Қашан көрем, құрметін елімнің?! Ойнап жүріп алған жоқпын ағызып, Бодауына үй беріндер көзімнің», -

Деп қайсар шал қарсы шапты күштіге, Күйіп кетіп ойға бір іс түсті ме? «Үй бермесең - мына көзді сен ал», - деп Шыны көзін қойды үстелдің үстіне.

Оқырайып үстел үсті көз жатты, Жоқ қылғысы келгендей тез айғақты. Ұшып тұрып сонда орнынан Дұрбаев, Көзді шертіп жібергені сәл қатты.



– «Үй жетпейді, жоқты көкпен табам ба? «Соғыстым» - деп міндетсіме қоғамға. Менің де әкем жоқ боп кеткен соғыста, Сенің көзің қажет емес маған да.

Мына ісінде білер болсаң бар күнә, Солай шалым, бет алдына шалқыма. Жок боп кетсе әкем менің қайтейін, Әкемнен кем болған емес партия», -

Деп Дұрбаев табан асты сұрланды-ай, Жоқтығына әкесінің қиналмай. Мақтанатын секілденді жазғаның, Мансап берген партиядан туғандай.

- Беу, патшағар! Мына сөзің күлкі екен, Пейілің де, тірлігің де күйкі екен. Көзді қойшы, көңілімді қалдырдың, Саған сөзді шығындаған ит екем.

Әттен-әттен алыс қалды-ау жас кезім, Жон арқаннан тілер едім таспа өзім. Енді саған келтірмесін - деді де, Шығып кетті іліп алып тас көзін.

... Жыл зымырап, алға асығып ақты күн, Дұрбаев та, Құндекен де жоқ бүгін. Күркіреген күндей болып алыстап, Бара жатыр сол бір соғыс, отты күн.

Женіс туын желбіреткен жоғары, Құндақбай жоқ, құрдастары бар әлі. От пен оқтан тайсалмаған қарттарды, Дұрбаевтар мұнайтаспа жарады.

...Деп кей кезде ойға батам алаңдап, Майдангерлер қалды ортада санаулы-ақ. Қолда барда қадірле, елім, соларды, Қолдан шықса, алтынды кім таба алмақ?!
Суретте: соғыс ардагері Құндақбай Берденов.

Баллададағы кейіпкерлер: Құндақбай - соғыс ардагері Қ.Берденов Дұрбаев - ауатком төрағасы Ә.Дүйсенбаев

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесіне байланысты түйеналуан, аударыспақ және ат бәйгесіне Ұлы Отан соғысы майдангерлері атындағы жүлделер

Ұлы Отан соғысының майдангері	Жүлде	Жүлде тағайындаушы ұйым
Ахметов Жұмабек атындағы жүлде	Ірі қарн мал	Ахметов Жұмағали
Байдаулетов Сапар атындағы жүлде	Теледидар	Байдаулетов Талғатбек
Нұржанов Маржан атындағы жүлде	Ноутбук	Нұржанов Еркін
Жансаян Нұржан атындағы жүлде	Ірі қарн мал	Нұржанов Бағдат
Сейдібаев Бөкен атындағы жүлде	Теледидар	Сейдібаев Амантай
Қағанов Сәттур атындағы жүлде	Ірі қарн мал	Қағанов Рамзан
Тәубаев Байпақ атындағы жүлде	Теледидар	Тәубаев Амантай
Ахметов Әлібек атындағы жүлде	Теледидар	Ахметов Бекмолла
Есмағамбетов Серібай атындағы жүлде	Кір жуғын машина	Есмағамбетов Раман
Тәукев Нұржан атындағы жүлде	Жылқы	Тәукев Жансұттан
Алтынбаев Нартай атындағы жүлде	Ірі қарн мал	Алтынбаев Қайрат
Ахметов Сәттур атындағы жүлде	Теледидар	Ахметов Әлібай
Кенжетов Қайдар атындағы жүлде	Кір жуғын машина	Кенжетов Қайрат

Баспасөзге жазылым ~ 2015

ӨЗ ГАЗЕТІҢІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ, АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Құрметті оқырман! Еліміз бойынша қазір 2015 жылдың баспасөзіне екінші жартыжылдыққа жазылу жүріп жатыр. Бұл науқанға 1 жылға тұтас жазылмаған оқырмандар қатысып, екінші жартыжылдыққа жазылады. Сонымен қатар, жаңадан жазылғысы келетіндер болса, оларға да құшағымыз ашық.

Жеке адамдар үшін: «АМАНКЕЛДІ АРАЙЫНА» 2015 жылдың екінші

жартыжылдығына жазылу бағасы – **1500 теңге.**

Мекеме-кәсіпорындар үшін: 6 айға жазылу бағасы – **1800 теңге.**

Құрметті оқырман! Жазылудың аяқталуына азғантай ғана уақыт қалды. Сіздердің өз газеттеріңізге жазылуға ұйымшылдық көрсететіндеріңізге сенеміз!

Құрметпен - «АА» газетінің редакциясы.

Аудан жаңалықтары

ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Жақында Жеңістің 70 жылдығына орай облыстық «Қостанай Агро» газеті редакциясы мен облыстық мәслихат аппараты және облыстық ар-

дагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Жеңіс жастар көзімен» атты эссе байқауы өтті.

Оған 100-ден аса жұмыстар қабылданып, біздің ауданымыздан барған Саяғұл Сәбитбекқызы Мұхатина жеңімпаз болып танылып, I дәрежелі дипломмен марапатталып қайтты.

СПАРТАКИАДАДАН ТАБЫСТЫ КЕЛДІ

Таяуда Арқалық қаласында қазақ күресінен мектеп оқушыларының арасында облыстық спартакиада өткізілді. Спартакиадаға біздің ауданымыздан мектеп оқушылары 7 салмақта бақ сынап, жалпы командалық 3-ші орынға ие болды.

Жекелей салмақта жүлделі орын алған оқушылар: Ернарзов Жұмағали – I-ші орын, алтын медаль, Жаңа ауыл орта мектебі. Зауышов Шалхар – II-ші орын, күміс медаль, Жаңа ауыл

орта мектебі. Құрақбай Қуаныш – II-ші орын, күміс медаль, Аманкелді орта мектебі. Сапабек Әлі – III-ші орын, қола медаль, Жаңа ауыл орта мектебі. Мирамов Алишер – III-ші орын, қола медаль, Ә.Боранбаев орта мектебі. Команда жаттықтырушы - Өтембеков Қайырбек. Команданы басқарып барған аудандық оқу бөлімінің спорт әдіскері: Қарқымбаев Нұрлан Максимулы. **Ә.ЖҰМАБЕК.**

МАЙДАННАН КЕЛГЕН СУРЕТТЕРДЕН ТУҒАН ЕСТЕЛІК

Құрметті оқырман. «АА» газетінің редакциясына Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік нөмір әзірленіп жатқанда Астанада ауданымыздың қайраткер қыздарының бірі - Сәнім Байдәулетова апамыздан интернет арқылы өз қолымен жазған мақаласының көшірмесі келіп түсті. Бұл кісі кезінде Аманкелді аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс жасаған. Одан кейін Жамбыл облысында басшылық қызметтерде болған. Кеңестік дәуірде орысша оқып, қызмет жасағанда халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін берік ұстанған кісі. Осыдан 3-4 жыл бұрын туған ауданына келіп, ата-бабасына арнайы ас беріп кеткені белгілі. Осы жолы өзінің Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс туралы жазған естелігін жолдаған екен. Соны сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

«АА» газеті редакциясы.

Сәнім Жүсіпбекқызы
БАЙДӘУЛЕТОВА

Кеңес Одағының құрамында өмір сүрген барлық республикалардың халқы үшін ұмытылмастай қайғы-қасірет әкелген неміс фашизмінің ел басына зұлмат әкелген 1941-1945 жылдардағы соғыс зардабының Жеңіспен ақталғанына бүгін 70 жыл толып отыр. Бұл торқалы тойымызға Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрегендігінің арқасында әрбір балабақша, мектеп, кәсіпорын ұйымдары жастар және қоғамдық ұйымдар болып бір женнен қол шығарып, республика, облыс, аудан, қала әкімдіктерінің, «нұротандықтардың» қадағалауымен қазағымыз болып, көтеріңкі көңілмен және әрбір бауырлас ұлттар өкілдері де ұйымшылдықпен дайындалды.

Тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақ Елі және сол кездегі туыстары болған 15 мемлекеттің халқы да енді сұрапыл соғысқа жол бермейміз деп отыр. Соғыс кезіндегі қиындықты бастан өткізген барлық ардагерлеріміз, соғыс жылы туған балалар (қазіргі күні олар да қарт ата-аналар), елін сүйген барша көзі ашық, көңілі таза әрбір азаматымыз отбастарымен атсалысып, Жеңіске жету үшін жанын пидә еткен әкелер мен аға-апапаларын, боздақтарын ұлы сағынышты сезіммен еске алу-да. Негізінде адамдар бастан өткен жамандықты тез ұмытып, жақсылыққа тез үйреніп кетеді. Халқымызда «Аяз би» ертегісінде Аяз би хан өзінің келді болған кезеңін ұмытпас үшін өзі



отыратын хан сарайының босағасына жыртылған жұпыны шапанын іліп қойғызды. Көңіліне астамшылық орнағанда сол жыртық шапанына қарап: «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деп отырады. Сол сияқты соғыста бастан кешкен тұрмысымыз бен қазіргі тамаша жағдайымыздың арасы жер мен көктей айырмашылықта екенін ұмытуға бола ма! Ол кезде үйлерімізде еден жоқ, жүргенде аяғымыздан, жатқанда арқамыздан сыз өтпеу үшін жерге кигіз төсейтін. Жатарға керует жоқтың қасы. Жамылатын көрпелер көне, жағдайы келгендер жатарға құс мамық пайдаланатын. Еденнің шаңы көтерілмес үшін жылқының құмалағын суға езіп, сол ерітіндімен үйдің еденін шылап шығатынбыз. Сонда үйге құмырсқа ұяламайтын. Түнгі уақытта май шам, одан кейін керосинді шам жағатынбыз, оның шыны мүршелері күнде тазалауды қажет ететін. Қазақ үйі кісісіз болмайтын – туыстары, құда-жеуекаттары, жора-жолдастары дегендей барлығы күн құрғатпай келіп жататын. Үй иелері қолындағы бар ырыздығын солармен бөлісетін. Қазағымыздың отбасынан ойын-күлкі үзілген бе?! Конактар мәресіре болып жататын. Осынымен де тұрмыс ауыртпалығын сергітетіндей көрінуші еді. Жазда әйелдер, қыздар Гордейден инағашпен екі шелек толған ішетін су таситын. Ал қыста Жалдамандан мұз ойып, әкелетінбіз. Ол кезде тігін машина да жоқтың қасы еді. Сондықтан киімді қолмен тігетін. Аудан бойынша ең шебер тігіншілеріміз - біздің Ғайни апамыз бен Маусымбек ағай ең құрметті жандар боп саналатын. (Олар қазіргі сәнгерлеріміз ғой) Мінетін аты жоқтар жақын ауылдарға жаяу-жалпы баратын. Ондағы тұрмыс ауыр еді ғой. Ал қазір бейбіт өмірдегі тұрмысымызды бағаламай, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін жастар аз емес. Олар бүгінгі өмірден орнын таба алмай, жеңіл жол іздеп, ата-аналарына, бауырларына азап пен



қайғы шектіріп, бұрыс жолға түсіп, өзіне-өзі қол жұмсайды, не азғындыққа түсіп, шет ел асып, дұшпандарымыздың қолшоқпары болып, Қазақ деген асыл атымызды қорлап жүр. Мұның бәрі ойдың таяздығынан, ақылдың аздығынан, наладандықтан шыққан әрекеттер. Балаларымыз өздерінің жігерін қамшылайтын ұлы Абай ағамыздың, Бауыржан Момышұлының, қазақ билерінің, сол сияқты орыс жазушысының «Жас гвардия» (Зоя Космедемьянская туралы) кітаптарын оқып өссе, елге деген, өзіне деген патриоттық сезімін еселеп, ата-анасының, туған топырағының, Отан соғысында елін қорғаған ата-бабаларының сенімін ақтайтын перзенттер болар еді-ау, шіркін!

Біздің шаңырағымыздан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына әкем Жүсіпбек және 17 жасында ағам Сапабек аттанады. Үйде бір жарым жасар мен және анам қалыппыз. Сол жылдардағы біздің қоныстанған жеріміз – Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы еді. Анам Шақа Қожамжарқызы жауынгерлерге пима басытын. «Быткомбинатқа» жұмысшы болып орналасты. Кішкентай маған көрші әкеміз қыздарымен қарап, қамқор болды. Олар үйлерінде болмағанда анам мені үйге қамап кететін. Есімде қалғаны - үйде анам жоқта кішкентай ақ тышқандар менен қорықпай, баласынып, жан-жағымда жүретін. Ал мен болсам соларға таңырқай қарап, елендейтінмін. Анам үйде болғанда ашуын менен алатын. Қабырғада әкем мен ағамның суреттері ілулі тұрушы еді. Сол суреттердің алдына мені солға тұрғызып қойып «**Әкем аман келеді, ағам аман келеді**» деп айтқызып, оң аяғыңды көтер деп кинайтын. Мен болсам сәбімім ғой, ештеңе түсінбей жалайтынмын. Сонда анам менің денемді сол жағма қарай қисайтып, оң аяғымды көтеруіме икемдейтін. Ал мен сол аяғыммен тік тұратынмын.



Оның да, менің де көзімізден егілген жасымыз сорғалап ағып тұратын. Халқымыздың «Құдайдан не тілесен - соның орындалады» дегені шындық екен-ау деймін. Өйткені, маңымыздағы соғысқа кеткен көршілеріміздің көбі оралмады. Оралғандары - кемтар болып қайтты. Ал біздің үйге әкем де, ағам да аман-сау оралды. Әкем 1945 жылдың шілдесінде келді. Далада ойнап жүрген маған анам: «Әкең аман оралды, әскери комиссариатқа барамыз!» деді. Менің қуанғаным сонша, балаларға «Алақай, менің әкем аман келді» деп қуанып, әскери комиссариатқа анамнан да бұрын бірінші болып жеттім. Әкем әскери комиссар екеуі әңгіме айтып тұр екен. Мен жатырқап, есікте тұрып қалдым. Әкем мені көтеріп алып, бас салып екі бетімнен кезек-кезек сүйді. Қуанғаннан екі көзінен сағыныш жасы төгілуде. Бауырына басты. Со-сын әйтеуір үйрендім ғой. Қуанғаннан жүрегім дүрсілдеп, не істерімді білмей тұрып қалдым. Өкенің болғаны қандай жақсы еді, шіркін?!

Ал бауырым Сапабек Жүсіпбекұлы - Ырғызға 1948 жылдың тамыз айында оралды. Өзімен бірге Ысқақ деген досы (туғандары табылмағандықтан) бірге келді. Әкем сыыр сойып, ұлан-асыр той өткізді. Ырғыздағы көршілеріміз мені көрсетіп «Мына баланың тілегі түзу екен, бақытты қыз екен. Күнде «әкем аман келеді, ағам аман келеді» деп тілек тілеуші еді. «Май құйрық, май көтен» деп шын ықыластарымен еркелететін. Ал ағам майданнан 3 класта оқып жүргенімде келді. Мен мектепке 6 жасымда барған едім. Ағам армияда жүргенде «Орыс тілін білмегендіктен көп киналды» деп мені қайтадан орысша 1-ші сыныпқа баруыма көндірді. Мен амалсыздан 8 жасымда орысша мектептің 1 класына бардым. Ағамдік дүрыс екен. Орысша оқуым – кейін көп пайдасын тигізді. Қайран ағам менің болашағымды ерте ойлаған екен-ау.

Сөйтіп мен әскер тәртібіне және



бұйрыққа үйренген үйдегі кішкентай солдат болдым. Ағамның айтқанын бұлжытпай орындадым. Үйді жинау, тазалау секілді жұмыстарды мінсіз жасадым. Кейін ағамның осы тәрбиесі де маған өмірде көп жақсылығын тигізді.

Ержеткен соң мен де ағамның балаларына, ұрпақтарына, отбасына үлгі болуға тырыстым. Бауырларыма қамқорлық жасадым. Ұрпақ жалғастығы дегеніміз - осы болар!

Соғыс аяқталғаннан кейін бауырым Берлинде 2,5 жылдай әскери борышын өтеуді жалғастырды. Саналы да жас өрен «Өнерді үйрен де жирен» дегендей фотоаппарат, радио, сағат жөндеу мамандығына машықтанған екен. Бейбіт күн орнаған соң осы үйренгендерін өзіміздің тұрмысымызға пайдаланды. Талай адамдарға көмектесті. Сынған сағат, радио, фотоаппараттарын жөндеп беріп жүрді.

Ағатайым соғысқа барарда сағынғанда қарай жүру үшін өзімен бірге әкесінің суретін ала кетіпті. Кейін сол суретті үлкейтіп, Берлиннен салып жіберді. Сонымен бірге өзінің де суретін (басында пилотка, үстінде орден тағылған гимнастерка) жіберіпті. Фотосының сыртына «**Ардақты ақ Сәнімге – ағасынан ескерткіш! Сәна Байдәулетов. 2.VII.45**» деп өз қолымен жазған. Жылдар өте келе осы фотолардың майданнан келгені ұмыт болғандай еді. Бірақ, інім Бекенбек бытыр телефон соғып, «Тәте, сізге бір сюрприз жасайын. Ағаның 2.VII.45 жылы өзіңізге арнап салған фотосын ұялы телефоныңызға жібердім» - деді. Қарасам - шынында осыдан 70 жыл бұрын ағамның салған естелік-суреті көз алдыма келіп, сол кездері басымыздан өткен тар жол, тайғақ кешулер ойыма оралды. Көңілім босалды.

Біз кейде көп нәрсенің қадірін біле бермейміз ғой. Өзім де 70-тен асқан шағымда осыбір суретке көзім талғанша қарап, өткен күндерді еске түсірдім. Қолыма қалам алып, осы естелікті жаздым. Оны құрметті оқырман, сіздермен бөліскім келді. Еліміздің Жеңіске жеткен 70 жылдық торқалы тойы құтты болсын! Аллатағала жұртымызға тыныштық, халқымызға молшылық пен бақыт сыйлағай! Қазақстанымыз дамыған 30 елдің қатарына қосылсын! Соны бізге көруді жазсын! Туған топырағым Аманкелді еліне тек қана жақсылықтар тілеймін! Аман-есен болыңыздар, айналайын, ел-жұртым!

*Суреттерде: (солдан оңға қарай)
Жүсіпбек, Сапабек және Сәнім
БАЙДӘУЛЕТОВТЕР.*

Астана қаласы.

БІЛІКТІ БАЙЛАНЫСШЫ, АРДАҚТЫ АНА, ӘДЕПТІ ӘЖЕ

БОЛҒАН ҚАЗАҚ ССР-НІҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТКЕРІ, ТЫЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ ЖАҢЫЛ ӘМІРОВА ТУРАЛЫ СӨЗ

...Жаңыл апай 80 жасқа қарап тұр. Биылғы Әйелдер мерекесі күні 79 жасқа толған болатын. Апайдың өмірі оңай болған жоқ. Балалық шағы соғыс жылдарында өтті. Қатарластары қандай бейнет көрсе, соның бәрін бұл кісі де көреді. Тыл тауқыметін тартты. Сонда да сыр берген жоқ. Кейін 1956 жылы аудандық байланыс торабына почтальон болып жұмысқа орналасты. Жолдасы Сүндет Әміров ағамыз аудандық тұрмыс комбинатында етікші болып еңбек етті. Сөйте жүріп екеуі 10 баланы өмірге әкелді. Апайға «Батыр Ана» атағы берілді.

Ал кезде почтальонның жұмысы қандай қиын еді десеңізші?! Күн сайын газет-журналдарды, почталарды аркалап, селодағы әрбір үйге барады. Дауылды-желді, жаңбырлы, боранды күндері әр тұрғынның үйіне кіріп, пошталарын қолдарына тапсырады. Егер даладағы жәшікке салып кетсе, пошта қолды болады. Жел ұшырып кетеді немесе жаңбырмен былғанады. Сол үшін де олар жаяу жүріп, ауылдың бір шетінен екінші шетіне жаяу қатынайды. Қалжырайтыны сондай кешкілік шаршап жығылады. Сәл көз шырымын алып болған соң үйдің бітпейтін қыбыр-жыбыр тірлігіне араласады. Етекпен тартқан үпір-шүпір 10 бала және бар... Олардың тамағы, киімін жуу, тағы басқа жұмыстар бастан асады. Сол кезде жолдасы Сүндет апайға көмекке келеді, қолының ауыртпалығын алады.

Тату-тәтті тұрған Әміровтер отбасы бар қиындықты ақылмен, сабырмен жеңе білді. Апайдың еңбегі еленбей қалған жоқ. Оған 1981 жылы Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген байланыс қызметкері атағы берілді. Бұл - апайдың машақаты көп ісіне көрсетілген үлкен құрмет болатын. Апай сол құрметке өте лайық еді. Қазіргі байланыс торабының қызметкерлері бұл кісілер секілді жаяу-жалпы жүріп, таң



атқаннан күн батқанға дейін пошта тасып, азапқа түспейді. Жұрт газет-журналдарын почтаға өздері келіп әкетеді. Ол кезде сол күні шыққан газет ауданға сол күні келеді. Өрідегі Мәскеуден, Алматыдан, облыстан келетін түрлі газет-журналдарды оқырман қолына сол күні

тигізу – почтальондардың міндеті болатын. Ешер газет-журнал сол күні оқырман қолына тимесе, онда шу шығады. Аудандық байланыс торабының бастығы таяқ жейді. Ол таяқ жеген соң қарауындағы почтальондарды тарыдай қуырады. Осыны жақсы түсінген сол кездегі почтальондар уақытпен санаспай жұмыс жасады. Солардың бір де бірегейі де Жаңыл апай болды.

Бүгінде апайдың балалары жан-жақта жүр. Шүкір, бәрі де өмірден өздеріне лайық орын-дарын алған. Тек Жарасының жол-көлік апатына ұшырап, қаза болғаны болмаса, былайғы балалары өз өмірлерін кешіп жатыр. Апайды қарттайтқан - Жарасының ажалы болды. Жарас үйленбей кетті. Апай Жарасты ойлап, уайымдап, жылап, ақыр соңында екі көзінен айрылды. Ана үшін балалары азамат болып, мал малданып, жан жанданып кетседе - бала!

- Жарасымың қазасы - жанымға жара салып кетті. Жас күнімде көрген тылдағы бейнет те, почтальондық қызмет те ештеңе емес екен. Баламның жазықсыздан-жазықсыз апатқа ұшырауы - жүрегіме жара салды. Тән жарасы жазылар, жан жарасы жазылар ма, өзінмен бірге кетеді ғой, - дейді апай ауыр күрсініп.

Ана үшін - баласынан қымбат ешнәрсе жоқ. Жаңыл апай өз өмірін балалары мен құдай қосқан қосағына арнады. Солар деп өмір сүрді. Солар деп тыным таппады. Алланың берген балалары ғой, өсіп-өнсін деп бейнет кешті. Жанын бағып отыра алмады. Жолдасы ертерек қайтыс болды да, отбасының тауқыметін өзі тартты. Қандай ауыр, десеңізші?!

...Жылдар - атқан оқтай зымырап барады. Соғыс басталғанда Жаңыл апай 5жастағы бала екен. Жеңіске биыл 70 жыл толса, апай келесі жылы 80 жасқа толмақ.

- Менің көпті көрген, талай қиындықты ба-

сынан кешірген ана ретінде айтарым, ағайын тату болғаны жөн. Бірлік пен ынтымақ болса, жетпейтін нәрсенің бәрі жетеді. Біздің кезімізде жұрт бір туғандай еді. Қазір ағайынның өзі алыстап барады. Өзіміздік өрістеген. Біз бір таба нанды төрт-бес үй бөліп жесек, қазір бір әке-шешеден туған балалар бір-біріне қарайлай бермейді. Мен осыдан қорқамын. Кейінгі жастар үлкендерді сыйлауды ұмытқан секілді. Жанталасқан, алып-ұшқан бір мазан өмір. Жастар елдің, ұлттың қамын ойлауы керек емес пе?! Біздің бала кезімізде бір бөлмелі үйде 5-6 отбасы отыратын. Сонда олар бір туғандай тату еді. Біз бәріміз бір әке-шешенің баласымыз деп ойлаушы едік. Сөйтсек сол 4-5 отбасы әр рудан екен. Қиын уақыт адамдарды туыстырады. Біз солай өстік. Барша әлемде соғыс болмауын қалаймын. Жеңіс деген - шартты ұғым. Бүгін сен біреуді жеңсең, ертең сені біреу жеңеді, арғы күні оны біреу жеңеді. Оның арты жақсылыққа апармайды. Мына өркениетті заманда ешқандай соғысқа жол берілмесе екен деймін. Басты тілегім осы! Соғыс болмай, тыныштық салтанат құрса, адамдар қайғы-мұңсыз өмір сүреді. Біздің қазақтың жанының жарасы әлі толық жазылған жоқ. 32-нің аштығы, 37-нің ылаңы, соғыстың сұрапылына шарпылмаған отбасы жоқ шығар. Сондықтан да, ардақты ана ретінде мен жерлеріме адал еңбек, адал абырой тілеймін. Адалдан болған нәрсеге - ештеңе жетпейді. Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын! Алла осы тілегімді қабыл етсін! – дейді апай.

С.СЫҒАЙ

Суретте: «Батыр ана» және «Алтын алқа» иегері, тыл және еңбек ардагері Жаңыл ӘМІРОВА.



Ұлы Отан соғысы Совет Одағының тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Ол сонымен бірге XX ғасырдағы ең алапат қанды қырғын да еді. Бұл соғысқа қазақ халқының перзенттері белсене қатысып, Отан қорғау жолында ерліктің жанқиярлық үлгілерін көрсетті. Егер халқының санына шағар болсақ, қазақ халқы Совет Одағының Батыры атағын алудан бірінші орында болар еді. Өзірге ол екінші орында болып бағаланып жүр. Бұл бағаны біздер әділетті деп есептейміз. Батырлық атак - халықтың санымен өлшенгені жөн.

Ұлы Отан соғысында ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен майдангерлердің бірі – менің атам Нұрқан Тауқенов еді.

Бұл кісі 94 жасында дүниеден өтті. Үрпек ауылдық округінің әкімі Ғалымжан Жақыбаевтың айтуы бойынша ертеректе екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, өте қайратты жігіт болыпты. Сондықтан болар Нұрқан атамды әскер қатарына 1941 жылдың шілде айының басында шақырады. Ол әуелі Челябиндегі барлаушылар мектебінде 6 айлық курстан өтеді. Курсқа өзімен бірге барған қазақ балаларының бірде-бірі барлаушылыққа ілікпей қалады. Іліккен менің атам ғана болады. Себебі, олардың денсаулығын дәрігерлер жан-жақты тексергенде былайғы жас жігіттердің сырқаулары шығып, ал атам жарамды болады. Сөйтіп, қаптаған қалың орыстың ортасында жалғыз өзі барлаушы болып шығады. 6 айдың ішінде оларды әбден шынықтырып, дайындайды. Барлаушылықтың барлық әдіс-тәсілдерін үйретеді. Атам соның бәрін жетік меңгеріп алады. Сөйтіп 1942-1943 жылдар арасында Харьков қаласында, одан кейін

Полтава майданында барлаушы болып соғысқа қатысады. Бұл кезде ол жау шебіне түн жамылып, талай рет кіріп, олардың барлық жағдайын анықтап, біліп тиісті хабар әкеледі. Кейде немістердің бірлі-жарым командирлерін де тұтқындап, өзіміздің әскер штабына алып келеді.

Атам бізге соғыс туралы көп айтпайтын. Барлаушылық ерліктері туралы да тіл қатпайтын. Тек қайтыс боларының алдында 1-2 жыл бұрын ғана барлаушылар туралы аз-кем әңгіме айтқаны бар. Оның өзінде ауыл әкімі әрі баласы Ғалымжан Жақыбаевтың колқалап, сұрауымен айтқан болатын. Сонда Ғалымжан ағай:

- Нұрқан ата, сіз осы уақытқа дейін барлаушы болдым деп айтқан емессіз. Соғыс туралы, өзіңіздің ерлігіңіз туралы тіл қатпауыңыздың себебі не? – деп сұрақ қойды.

Бұл сұраққа атам:

- Қарағым, Ғалымжан, барлаушылардың өмірі күн сайын қыл үстінде болады. Өліммен жиі бетпе-бет келесің. Бізде мылтық болған емес. Барлық құралымыз - жіппен орамал ғана. Ал жауды біз ың-шыңсыз қолға түсіруіміз керек болды. Дұшпанды аңдып тұрып, ұстап алып, талдыра соғып, аузына орамалды тығып жіберіп, жіппен екі қолын артқа байлап, алдымызға салып, өзіміздің әскери басшыларға алып келеміз. Бұл өте қиын шаруа. Өліммен талай рет кездестім. Неміс солдаттарымен жан алысып, жан берістім. Талайы менің қолымнан мерт болды. Егер мен олай істемесем, олар мені өлтіретін еді. Атақты партизан жазушы Қасым Қайсенов сияқты біз де дұшпанды өлтірудің 260-қа жуық әдіс-тәсілін меңгерген барлаушымыз ғой. Дұшпанды - өлтірейін деп өлтірмейсің. Амал жоқтықтан мерт қыласың. Негізі оларды тірідей ұстап әкелген жақсы. Командирлер оны тергеп, жау әскері туралы анықтамалар алады ғой. Қасым Қайсенов марқұм: «Менің қолымнан немістің талай жас жігіттері қаза тауып еді. Түбі ажалым қалай болады



екен?» деп теледидардан айтқаны бар еді. Соны естігеннен кейін мен де көп ойландым. Көп ойланyp, өзімді күнәкар санаған жоқпын. Бұл - тағдыр ғой. Соғыстың аты - соғыс. Не өлуің керек, не дұшпаныңды өлтіруің керек. Соғыста басқа қойылатын талап жоқ! - деді атам.

Ол кісі Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан. Соғысты 1945 жылы 9 мамырда Дрезден қаласында аяқтаған, II дәрежелі Отан соғысы

орденімен, көптеген медальдармен марапатталған. Елге келгеннен кейін Иманов колхозында ферма меңгерушісі болған. Одан соң совхозда еңбек еткен.

Мәлдір Маратқызы ТАУКЕНОВА, немересі, Жана ауыл орта мектебі бастауыш пәнінің мұғалімі.
Суретте: соғыстың соңғы солдаттарының бірі, қарт майдангер Нұрқан ата Тауқеновтің Жеңістің 68 жылдығында түскен суреті. Суретті түсірген Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ.

КЕМЕЛДІГІ КЕЛІСКЕН КІСІ ТІРІ БОЛСА ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІНДЕ 90 ЖАСҚА ТОЛАР ЕДІ

Менің атам Сәбит Әубәкірұлы Әубәкіров құжат бойынша - 1925 жылы 5 мамырда Аманкелді ауданының №2 ауылында дүниеге келген. Байтажы руының Есілбай-Барқы ата-сынан. Барқының бәйбішесінен Өтекей, одан - Тілеген, одан - Ағыбай, одан - Әубәкір, одан – Сәбит. Атамыз Ағыбай сөзге шешен, елге беделді де сыйлы кісі болыпты. Бойы 2 метрдің үстінде көрінеді. Өзі өмір сүрген кезде сол уақыттағы болыстар мен әділетсіз байларға талай тойтарыс берген кісі екен. Алып денелі Ағыбай атамыздан олар сескеніп жүретін көрінеді. Сондықтан болар «Тілегеннің Ағыбайы келе жатыр» дегенде талай кердең болыстар айылдарын жиып, оны құрметтеп қарсы алады екен. Ағыбай бабамыздың артында талай ғибратты жақсы сөздер қалыпты. Оны әкеміз Жұмабек бізге естерінде жүрсін деп үнемі айтып отырады.

Ата-бабаларымыздың қонысы Олжағұл қопасы болған. Сол жерде Ағыбай атамның және оның әкесі Тілегеннің күмбезді мазарлары бертіңге дейін тұрды. Оны бізге әкеміз әдейі апарып көрсеткен еді. Сол сияқты, кезінде осы жерде тұрып, «Шөптікөл» кеңшарының озат қойшысы болған Тобылбаев Кәрбоз ақсақалдың айтуынша сол мазарлар Кеңес Үкіметі кезінде жакын жерден тоған (катлован) аттырғанда құлап қалған.

Атам жастайынан қиындықты көп көрген. 1932 жылғы аштықта әкесі мен бірге туған бауырларынан айрылып, жалғыз қалған. Ол кезде аудан көлемінде Есір мен Мұқырда жетімханалар жұмыс істеген. Аштық жылдарында Мұқырда орналасқан жетімханада тәрбиеленген.

Атам негізі 1926 жылы 20 қыркүйек күні туған, әскерге алынып, соғысқа қатысу үшін жасына бір жас қостырып алып, Торғай аудандық әскери комиссариаты арқылы 17 жасқа толмай 1943 жылы 7 қаңтарда әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 382 атқыштар полкінде оқу-жаттығудан өткеннен кейін 1943 жылдың наурыз айында 1516 гвардиялық атқыштар полкінің құрамында қатардағы жа-



уынгер болып соғысқа кірген. 1944 жылдың мамырында зениттік пулеметшілер бөлімшесі командирі болып тағайындалған. 1943 жылдың 12 қыркүйегінде сол жамбасынан, 1945 жылы мойнынан жарақат алған. Атам өте зерек, білімді кісі болған. Қазақ және орыс тілдеріне жазбаша да, ауызша да бірдей, өте сауатты болған кісі. Сондықтан болар, әскер қатарында 1950 жылдың сәуіріне дейін болып, жас солдаттарды тәрбиелеуге үлес қосқан. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Берлинді алғаны үшін» және соғыстан кейін әр жылдардағы мерекелік медальдармен марапатталған.

Әскер қатарынан орағаннан кейін 1950-1960 жылдар аралығында Аманкелді аудандық прокуратурасында, әскери комиссариатта жауапты қызметтер атқарған.

1960-1974 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық ДОСААФ-тың бастығы, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы және аудандық атқару комитеті ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің басшысы болып қызмет еткен. Бірнеше мәрте аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Аудандық, облыстық газеттерге Совет жұмысы туралы танымдық мақалалар жазған. Үйде, әжем Құликамалдың қолында жазған бір дәптер өлеңдері сақтаулы. Алда соларды кітап етіп шығаруды ойлап жүрмін.

1975 жылдан зейнетке шыққанға дейін аудандық мекемелерде аға экономист, бас есепші болып қызмет етті. Еңбектегі жетістіктері үшін «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен, «В.И.Лениннің 100 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған. 1993 жылы 9 наурыз күні қайтыс болған.

Атамның екі тілде жазған естеліктері де бар екен. Соларды да жинақтасам деген ойым бар. Атамнан 3 ұл, 2 қыз баласы аман-есен жүріп жатыр. Олардың бәрі де атамның рухына тағзым етуден жанылған емес. Олар атам туралы бізге жиі айтып отырады. Атамнан қазір біз 20 немере, 7 шөбере бармыз.

Мен атамды көрсесемде, ол туралы естеліктерді естіп, алған наградалары мен фотосуреттеріне қарап, үлкен әсерге бөленем. Атамның 16 жасында от кешіп, сол кездегі ортақ Отанымыз - Кеңестер Одағын қорғауға қатысқанын мақтаныш етем. Мен де ол кісі сияқты елге сыйлы азамат болып ержетіп, Ұлы Отанымыз - Қазақстан Республикасына қалтқысыз қызмет етіп, оның өркендеп дамуына үлесімді қоссам деп армандаймын. Сол арманыма жету үшін жақсы оқуға ұмтылып жүрмін.

Дархан Жұмабекұлы ӘУБӘКІР, немересі, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі.

Суретте: соғыс және еңбек ардагері Сәбит ӘУБӘКІРОВ.

Жауынгер жазған жыр

«ОТАННЫҢ ОРЫНДАЙМЫН АМАНАТЫН»

Іскендір Нұржанов 64 жылға дейін ұрпақтарына қайда жерленгені белгісіз болып келген майдангердің бірі. Алайда, іздеушілер оның қайда жерленгенін тауып, баласы Мираш Нұржановқа хабар бергені белгілі. Кезінде колхоз басқармасы болған Іскендір Нұржанұлы елге сыйлы азамат екен. Оның атасы Биғаш биден Нұржан, Бимық, Әубәкір, Бірман, Ізтілеу, Қожан және Дүйсеке би туыпты. Нұржаннан Іскендір, Жалмағанбет, Қалмағанбет туған. Іскендір елде жүргенде өлең жазбаған. Алайда соғыста жүріп бірнеше рет хат жазған. Хатын кейде өлеңмен де жазып жіберген. Соның бірін Жеңістің 70 жылдығы күні оқырман назарына ұсынып отырмыз. Ол төмендегі өлең үзіндісі.

Толық нұсқасы әзірге қолға түспей тұр. «АА» газеті редакциясы.

Жатырмыз қарт Неваның жағасында,
Қарағай, қалың орман арасында.
Жанымда жолдастарым өліп жатыр,
Шыбын жан аман-есен қаласың ба?

Жан қиып Отан үшін отқа түстім,
Неваның бал татыған суын іштім.
Елдегі ағайынға дұғай сәлем,
Бәрінді құшағыма алып қыстым.

Орманнан басқа жердің бәрі тегіс,
Айламен алу керек жаудан жеңіс.
Түнгілік құлағыма естіледі,
Былдырлап сөйлегені еміс-еміс...

Кең жерге соғысумен сия алмадым,
Отанды жау қолына қия алмадым.
Ойыма қайран елім түскен шақта,
Көзіме келген жасты тия алмадым.

Алдында шабуылдың жазған хатым,
Отанның орындаймын аманатын.
Суынан Жалдаманың бір ішетін,
Тілеймін күн болса – деп, жамағатым.
Іскендір НҰРЖАНҰЛЫ.



ТОҚСАНДАҒЫ ТАРЛАННЫҢ ТІЛЕГІ

Әнет МҰРАТБЕКҰЛЫ

Токсанның төріндегі «Батыр ана», асыл әже, «Алтын алқа» иегері, тыл және еңбек ардагері, көненің көзі, асылдың сынығы, 10 баланың анасы, 36 немеренің әжесі Жұмакүл Құлымбетқызы құжат бойынша биыл 9-шы мамыр күні 90 жасқа толып отыр. Әкеміз Жеңістің 70 жылдығына орай солбір зұлмат жылдар туралы қысқаша әңгімелеп берді.

Мен Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының тумасымын. 1928 жылы Аманкелді ауданына (бұрынғы Батпаққара) туыскандардың көмегімен көшіп келдік. Әкем Құлымбет - бай, даулетті, ел сыйлайтын ардақты азаматтардың бірі еді. 1928 жылы шаруаларды тәркілеу кезеңдерінде әкем мен ағаларым Айдарбек, Жандарбек айдауға кетті. Олар оралмады. Әкем елге аман-есен келгенімен, тағдырдың жазуымен 1934 жылы, менің 9 жасымда қайтыс болды. Амап қанша, анам, сіңілім Көпей үшеміз ғана қалдық. Көптеген қиыншылықтарды бастан өткердік. Тірі адам тіршілігін жасайды ғой. Өлместің күні. Қазір сендердің бейбіт өмірлеріңнен Құдай айырмасын! Елбасымыз аман болып, елде әрқашан тыныштық, татулық болсын.

Кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман деп осы уақытты айтады. Біздің көргенімізді сендер көрмеңдер. Сол кезде біздің аман қалуымызға, әрі қарай өмір сүруімізге Бірмағамбет Қолдасбаев деген азамат жомарттық жасады. Ол аудандық халық ағарту бөлімінің басшысы болатын. Бізге көп көмектесті. Ол кезде мүлде жағдайы жоқ жарым-жандарға көмек беретін. Сіңілім екеумізді мектеп-интернатқа орналастырып, анама жұмыс берді. Анам мектепте аспазшы болып жұмыс жасады. Ол кезде бір аяқта ақ пима, бір аяқта кара нама, үстіңе ер адамның пальтосын киіп оқуымызды оқыдық. Ал жаз айларында лагерге жіберетін. Мен анама жардем жасамақшы болып, оқуымды аяқтамай жұмысқа орналастым.

Соғыс басталған 1941 жылы мен Қазпоштада жұмыс істейтінмін. 3 күннің ішінде қосу, алу, көбейту, бөлуді үйреніп, бухгалтерлік қызмет жасадым. Ол кезде тым қиын еді. Елде кемпір-шалдар мен қыз-келіншектер ғана қалды. Жұмыста кезекпен от жағатынбыз. Жағатын отын жоқ, тек қана шөп жағып, таң атқанша ұйықтамайтынбыз. Кешкілік қаладан келген хаттарды бөліп, бұып дайындаймыз. Ол кезде хатты Қостанайдан атпен таситын. Қыз бала болғанымызбен ер адамдардың істейтін ауыр жұмыстарын да атқара беретінбіз. Кірпіш құйған күндерімізде болды. Жалақымыздан бір айлық еңбек ақыны өзіміз алсақ, бір айлық еңбек ақыны соғысқа жібереміз. Жылдар бойы көптеген қиын кезеңдерді бастан өткердік. Сол кездегі менімен оқыған, бірге қызметтес болған жандар қазір жоқ. 1945 жылы ақмодалық Рахымжан Қошқарбаев ту тікті деп естідік. Немістер шегінді деп радиодан шуылдап, естіген жұрт қуанып жатты. 9-шы мамыр Жеңіс күні болды. Ол күн менің туған күнім еді. Менің сол күнгі қуанышым әлі есімде. Міне сол күнге бүгінде 70 жыл толды.

Сол жылдары өзімнен бірнеше жас үлкен, соғыстан жаралы болып келген, жауынгер Онай деген азаматпен отау құрып, тұрмысқа шықтым. Жаксы, үлгілі жанұяның бірі болдық. 10 баланы өмірге әкелдім. Үшеуі кішкентай кезінде қаза болды. 7 баланы өсіріп жеткіздім. Бүгінгі таңда 36 немерем, бірнеше шөберем бар. Балаларымның ортасында 90 жасқа толуымды атап өтіп жатырмын. Сендердің келгендеріне көп рахмет құлындарым, көп жасаңдар, менің жасымды берсін! Еліміз аман, бейбітшілік заман болсын.

Суретте: Жұмакүл ҚҰЛЫМБЕТОВА.



Жастардың отансүйгіш сезімдерін арттыру, соғыс ардагерлерін құрметтеу мақсатында аудандық Әділет басқармасының қызметкерлері Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Ертай ақсақалдың үйіне арнайы барып, құттықтап, ескерткіш сыйлық тапсырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі.

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Ертай Мұқанұлы 1944 жылы 18 жасында соғысқа аттанған. От пен окка оранған сұрапыл соғыстың соңғы жылдары болсада Жеңісті жақындатуға үлес қосқан майдангерлердің бірі. Кездесуде Ертай Мұқанұлы соғыс жылдары басынан кешкен қиын сәттерін еске алып, әңгімелеп берді. Сұрапыл соғыстың енді қайталанбауын, еліміз бейбітшілік күн кешуін тіледі.

Кездесу соңында қадірлі ардагер атамыз ризашылығын білдіріп, алғысын айтып, батасын берді.

А.СЫЗДЫКОВА,
аудандық Әділет басқармасының басшысы

ӘКЕМ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНАМЫН

Менің әкем Төлегенов Бекентай 1922 жылы 1 қаңтарда Торғай уезі Жаркөл ауылында туған. Әкесі Төлеген 1931-32 жылдары елді ашаршылық жайлап, халық ашаршылық зұлматынан көшкен кезде, атамыз кішкентай бір ұл, бір қызымен қазіргі Әулекөлге нағашыларына қарай қоныс аударыпты. Өрік әжемнің айтуы бойынша: атаңның қолы ісер тигізіп еді, соның тіккен мәсін, базарға апарып сатып, бір тілім нанға әрен өткізішү едік деді. Ақыры сол аштықтың құрбаны болып, атам Төлеген сол жерде дүниеден өткен екен. Атам сол Әулиеқөлдің орталығындағы қорымда жатыр. Сол жылдары атамыз Алтынсары (Қайырбай ағаның әкесі) қыстың көзі қырауда елге белгілі танымал, балуан Танатқан әкемізді ат шанаман жұмсап, балалар тоңып қалмасын деп үстіне тулып беріп, әкем бір ай жүріп, елге алдырған екен. Қайран сол кездегі әкелердің туысқа, бауырға деген қамқорлығы керемет десенізші!...

Рухани, күш-жігері арқылы қиыншылықтарға мойымай соны жеңе білген біздің әкелер өмірі ең әуелі өзімізге мәңгі үлгі болып қала береді.

Әкем Төлегенов Бекентай Торғай әскери комиссариатынан Армия қатарына 1942 жылы ақпан айында алынып, Свердловск қаласында дайындықтан өтеді. Сол жылы май айында майдан шебіне жіберіліп, Воронеж қаласында соғысқа кіріседі. Фашистермен кескілескен қанды айқасқа кірген күннен бастап, ұрыстың қиын-қыстау кездерінде де адамгершіліктің, азаматтықтың үлгі-өнегесін үздіксіз көрсетіп отырған. Күші басым жауға қарсы шабуылға шығып келе жатқанда 1942 жылдың тамыз айында қатты жараланған,(құлақтың түбінен кірген оқ сол көзімнің алдынан шығып жараланған болатын). Мені Тула қаласындағы госпитальға жеткізіп, сол жылдың желтоқсанына дейін емделді. Емдеп жатқаннан кейін екінші рет 1943 жылдың қантарынан бастап, Орел қаласындағы соғысқа қатыстым. Суық оқпапта жатып, төбеден төнген бомбаның жаныңды суырып алардай боп шыңғырған даусын естіп, жаралы адамның ынырсығанын естіп, дәрі мен қанның иісін бойыңа сіңіріп, үрей мен қорқынышты бастан кешірдік. Қысты күндері бізді аппақ қардың үстінде немістер байқамасын деп аппақ матадан тігілген комбинзон кигізіп, жер бауырлатып бірнеше шақырым алға салып, немістердің шебін бұзып кіруге жібереді. Сондай бір шабуыл кезінде екі аяқтан бірдей оқ тиіп Горький қаласындағы №2790 әскери госпитальда есін бір-ақ жинаған. Майдангер әкем: Сол кездегі дәрігерлердің күштілігінен өлмей тірі қалдым, госпитальдағы дәрігерлердің көбісі еврейлер болатын. Талай өлім аузында жатқан солдаттарды аман-есен алып қалып жататын деп отырушы еді.

1943 жылдың тамыз айында қос балдақпен алты айға демалыс беріп елге жіберді. 6 айдан кейін жергілікті әскери комиссия қарап, тағы алты айға ұзартты. Соғыс мүгедегі деп ІІІ-ші топқа шығарды. Сөйтіп №126 атқыштар полкінде, атқыш есебінде соғысқа

кіріп, Воронеж, Тула, Курск, Орел қалаларындағы ұрыстарға қатысқан. Соғыс ардагері ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», , «Тың жерді игергені үшін» медалімен, «СССР Қарулы күштерінің 60 жылдығы» медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, соғыстан кейінгі бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Еңбектегі толымды табыстары да бірнеше мақтау қағаздарымен, Алғыс хаттармен марапатталып отырған. Аудандық байланыс торабында ширек ғасырға жуық газет-журналдармен хат-хабарларды сұрыптау бөлімін басқарды. Аудан экономикасын көтеруде өзіндік үлесін қосқан, алдыңғы қатарлы коммунист болды. Әкеміздің ерең еңбегі жөнінде жазушы жерлесіміз, М.Шолохов сыйлығының иегері Сәбит Досановтың «Жер тағдыры» кітабында(194-195 бетте) жақсы жазылған. Почта саласындағы ширек ғасырға жуық еңбегін бағалап : «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген байланыс қызметкері» атағына ұсынылғанда»-қарапайымдылығы сондай бұл жолы категориясы әйел адам болу керек деген саясатқа да көңіл, қала берген ғой. Сөйтіп ол кісінің орнына хат тасушы әйел адамның құжаттары кеткен көрінеді. Әкеміз ешкімге еңбегін міндетсімеген, жағдайын айтып, кеңсе, кабинет жағаламаған адам. Өзінің таза еңбегімен, қарапайым болмысымен өмір сүрген. Өзінің аяқпен айдап, қолмен құйған кірпіштен қалаған үйі, әлі күнге дейін мызғымай тұр. Әке, осы жұрт сияқты соғысқа қатысқан ардагер ретінде неге үй сұрамайсыз десе: «Қарактарым осы шешен екеуміз өз еңбегімізбен тұрғызған үйден артық жылы да жарық үй (сәулеті қазіргі заманға сай болмасада) таппайсындар дейтін. Әкеміз тәубасы көп, қанағатшыл, еңбекқор адам еді. Анамыз Байділдақызы Закира өте еңбекқор жан еді. Анамыз зейнеткерлікке шыққанша ширек ғасыр ауруханада тазалықшы болып жұмыс жасады. «Тыл және еңбек ардагері», сондай-ақ «Алтын алқа» иегері. Екеуі сегіз бала тәрбиелеп оқытып бәрін қатарға қосты.

Соғыстан алған ауыр жарақаттың зардабымен, өмірден көрген бейнеттері әкемізді жетпіске де жеткізбей, 1989 жылы 5 қыркүйекте 67 жасында өмірден өтті.

Өмірден көрген талай жол торабын, Әкеден кім аяйды қолда барын. Алансыз сауық-сайран салып жүрміз, Біз бүгін әкелердің арқасында ... деп жырлағандай, қазіргі жарқын болашағымыз сол әкелер алып берген Жеңістің арқасы деп білемін.

Көзі тірі әкеміздің құрдастары, замандастары, майдандастары бәріңізге Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын !

Ғалия Бекентайқызы ТӨЛЕГЕНОВА,
баласы, Аманкелді орта мектебінің мұғалімі.

КОНИСТИУЦИЯ –ТІРЕК ЗАҢЫМЫЗ

Осыдан 20 жыл бұрын қазақстандықтар жаңа Ата Заңымыздың қабылдануы үшін бірауыздан дауыс беріп, өзінің тарихи таңдауын жасады. Осылайша халқымыздың ғасырлар бойы асыл арманы жүзеге асып, Егемен еліміздің құқықтық және біртұтас мемлекет ретінде жарияланған Ата Заңы дүниеге келді.

Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі!

Ата заңымыздың мерейтойы жалпы мемлекеттік деңгейде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен бірге тойланады. Былғыы өткізілетін Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы біздегі көптеген ұлттар татулығының көрінісі болып табыласа, Конституцияның 20 жылдығы құқықтық тұрақтылығымыздың айғағы.Осы екі айтулы оқиға жылынамамыздағы ортақ байланысты құрайды. Мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу үшін барлық қазақстандықтардың ат салысуы керек екені сөзсіз.

Конституция – болашақ табыстар мен алға қойылған мақсаттарды шешудің алтын дінгегі. Сондықтан, Заң бойынша өмір сүру және Заңды құрметтеу – әр азаматтың борышы. Бүгінде Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет, өркениетті қоғам құру жолында өз бағытын берік ұстанып келеді.

Конституция еліміздің ұлттық саяси- құқықтық жүйесінің мәйегі,республиканың сөзсіз жетістіктері мен Елбасы көрсетіп берген өрішл максат- Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында одан әрі үдемелі даму үдерісі арқа тірейтін іргетас болып табылады.

Конституцияның қабылда-нуы тәуелсіздік тарихта жаңа дәуірдің басталуымен бейнеленеді. Конституция – Қазақстанның тұрақты дамуы мен гүлденуінің берік негізі болып табылады. Қазіргі таңда Конституцияның әлеуетін барынша пайдалану қажеттігіне ерекше назар аударылуда.

Тәуелсіздік жылдарында біздің Конституциямыз өзінің кемелдігін дәлелдеді.

Барлық қазақстандықтарды Конституцияның 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Жылдан-жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін! Әр шаңыраққа құт- береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын.

А.СЫЗДЫКОВА,
аудандық әділет басқармасының басшысы

ҰРПАҒЫМЕН ТАБЫСҚАН АТАМ

Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем тәнселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндегі күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі.

Ұлы Отан соғысында жеңіске жету үшін фашистерге қарсы жанаямай шайқасқан жауынгерлердің бірі - менің атам Мақсұтбаев Идирис Сабаншыұлы. Мақсұтбаев Идирис Сабаншыұлы 1906 жылы Кеген ауданы Қаратоған селосында дүниеге келген. 1942 жылы шілде айының 17 жылдызында Кеген ауданынан майданға алынған. 1942 жылдың тамыз айында Москва қаласының батысындағы 299 шақырым жерінде орналасқан Брянск қаласына жеткізіледі. Брянскі қаласы Украина мен Беларуссияның қиылысқан жолында орналасқан. Мақсұтбаев Брянскі флотының 13-ші армиясының, 2-ші батареясының, 130-шы ауыр танкке қарсы артиллериялық атқыштар полкіне қызыл әскер болып қабылданады. Бірінші күннен пулеметшінің көмекшісі болып ұрысқа түседі. Брянск, Карачев, Нарышкино, Покровское қалаларын фашистерден қорғауда, қанды ұрысқа жан аямай пулеметпен оқ жаудырып, ұзаққа созылған шайқаста ерлік көрсетеді. Дербес ерлігі мен жетістігін полк командирі майор Россомохин жоғары бағалап Қызыл Жұлдыз орденімен марапаттау туралы бұйрық шығарады. Қызыл әскер Мақсұтбаев неміс басқыншыларына қарсы ұрыстар да өзін Отанының батыл және қайсар патриоты екенін дәлелдеді. 25.02.1943 жылы жаудың танк шабуылы барысында қаза тапқан және жараланған жауынгерлерді алмастырып, фашистік танктерге қарсы пулеметтан оқ жаудыруды жалғастырады. Танктермен ұрыс соңғы снарядқа дейін созылады, нәтижесінде екі фашистік танкті жарып, фашистердің шабуылын тоқтатады.

НОТАРИУС: 29.11.2014 жылы қайтыс болған аз.Жалкенов Жосабек Оразтаевичтің мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай нотариаттық аймағының нотариусы Исмагулова Акмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

НОТАРИУС: 20.04.2013 жылы қайтыс болған аз.Манжанов Бакытбек Амировичтің мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай нотариаттық аймағының нотариусы Исмагулова Акмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.



МАХАББАТТАН МӘНТІЛІК ЖЫР ТУАДЫ

Бақыткерей ЫСҚАҚ:

ТУҒАН ЖЕР

Тақылдаудан болған жоқ таңдай жауыр,
Шаң-тозанды жұқтырма, сорма, бауыр.
Келемін, кайран шіркін – туған жердің
Өлең оқу алдында, қандай ауыр!

Өлең оқу алдында мақтаныш па,
Асып-тасқан көңілден, Алла сақта!
Сақал шықсын –
Мен сенің – сәбиіңмін
Бұл өмірде қалмаспын қалтарыста.

Сендер жайлы, еңбегім-жазғандарым,
Жазғандарым, өленім, дастандарым,
Туған жердің ауасы, қысы, жазы
Мейірімің ақ адал – дастарқанның!

Жазамын, жаздырады – тіршілігің,
Гүл жарған болашағың, бүршік гүлің
Сендермен бірге менің қайда жүрсем
Өмірім, тыныс демім, тілім, дінім!

Көк дөненнің қызғанда ақ табаны,
Қайда жүрсем, кейде сор, бақ табады.
Сүрінгенде сүйеген құлаттырмай
Туған жердің, ақ селеу, ақ самалы!

Сол үшін де
Өзінді мен шын сүйем,
Әкелген осы жасқа асыл – кием!
Асыл кием – өленім,
Бар өмірім,
Туған жерім –
Алдында басымды ием!

ЖЫЛАНШЫҚ ӨЗЕНІ

Көмір ісі аңкиды жер төсінен,
Жыланшықтың жылғалы өлкесінен.
Қақпан бел, астау жондар мұнарланып,
Бу атқандай түйенің өркешінен.

Көмірін жақын қыстақ жағып отыр,
Шал-кемпір козы, лағын бағып отыр.
Қайғысын, қуанышын тік көтеріп,
Жыланшық қара суы ағып жатыр.

Қапталы биік жарлы-кемерленіп,
Тұңғиық шымыр қайнап, жігерленіп.
Ағады, қайсар күшпен жаралғандай
Жаратқан, қолдағысын түгел беріп.

Аққұмның сар жамбасын жанай өтіп,
Тасиды сәуір түні – ай-күн өтіп.
Оңтүстікте кең дала – Оннан-Кіндік,
Киікті аулайтын жер – құлай кетіп.

Жағасы талды қопа, қамыс тоғай,
Баласы аң-құс атқан алыстамай.
Жыланды жөргегінде буындырған
Қолына ең бірінші нан ұстамай!

Аттасаң аяқ асты шұбар жылан,
Өзен, сай, тас астынан, шығар қырдан.
Сәулеңмен айсыз түнде қыдырғанда
Оңаша шыға алмайсың құмарыңнан!

Жыланшық – тарихы бар кесек-кесек,
Жылынған ләззатпен салқын төсек.
Бапи хан, Жылан патша хор қыздары
Жатқандай шалқасынан, алкым төсеп.

Кетесің, жылан көрсен қияли боп,
Бір-ақ та адам, малға зияны жоқ.
Тілін байлап тастаған, - дейді молда
Түсі суық секілді зиялы топ.

Шұбардың ұнамайды жүрістері,
Ұйқаспас жүрген жерде бір істері.
Аулайды бақа, шаян жатып алып,
Белгілі барар жері, өрістері.

Балалар жалаңаяқ жүгіреді,
Бірге жүзіп, су ішіп сіміреді.
Үйге кірсе, ақ құйып шұбарбасқа
Аман-есен, өлтірмей жібереді.

Тоймаған қомағайды қырық тойдан,
Ішінде жылан бар, - деп, сырын жайған...
Әжелер сәбиінің бесігіне
Ырымдап түйме басын іліп қойған.

Жыланшық ұмар-жұмар ағып жатыр,
Байланған атақ, байлық – ақын, батыр.
Рәкмет,
Зілқара, Көшкінбай бай
Көз салып қыр басынан – Тағында отыр.

Сала-сала құяды бұлақ сайдан,
Бәріне де жағасы құрақ жайған.
Кәзекеме мінезі тартып туған
Білмейді келіп-кеткен қонақ кайдан.

Бабалар:



Ұлы Жеңістің алғашқы балаларының бірі, жерлесіміз, қазақтың ақиық ақыны, марқұм Бақыткерей Зәйкеұлы Ысқақ (Лақаптегі Қыпшақ) 1945 жылы 9 мамыр күні өмірге келген. Оның қаламынан ондаған кітаптар өмірге келді. Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасында, «Жазушы», «Жалын» баспаларында аға редактор болып қызмет жасады.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Бақыткерей Ысқақ ауданымыздың төл перзенттерінің бірі. Аудан халқы оның ер жасы – 50-ге толған торқалы тойын атап өтті. Сол жылы оған «Аманкелді ауданының Құрметті Азаматы» атағы берілді. Ол батыр бабамыз Аманкелді Иманов туралы және ауданымыздың әр саладағы перзенттері туралы көптеген туындылар жазды.

Тірі болса биылғы 9 мамырда Жеңістің 70 жылдығымен қатар оның да 70 жылдық мерейтойын атап өтетін едік. Амал қанша, тағдыр бұл күнді жазбады. Өзі жоқ болса да өзіндей, көзіндей шығармалары барда ақын аға халқымен бірге жасай береді.

Ақынның туғанына 70 жыл толуына орай бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз. Жалпы Торғай өңіріндегі Арқалық, Аманкелді, Жанкелдин қала-аудандарының әсұртишылығы ақынның мерейтойын атап өтуге арнайы іс-шара жасаған. Сол бойынша шаруалар атқарылады. Ақын Аманкелдіде туып, қызмет жасап, еңбек етсе, балалық шағының біраз бөлігі Торғайда, Арқалықта өткен. Сондықтан тұтас Торғайдың перзенті болған оның 70 жылдығын үш ауданның әсұртишылығы атап өтуі заңды.

«АА» газетінің редакциясы.

- Судан емес, сақтан, көктен, -
деген қарап, ағынға аққан өктем.
Жыланшық жерұйығы – Ел мен Жердің
Бастау ап Ұлытаудан -
Ақкөл жеткен!

ӘКЕ МҮЛКІ

Жатамын қай-қайдағы ойға түсіп,
Келгенде басым қатып – тойдан ішіп.
Қараймын үй-ішіне,
Әр мүліктің
Тарихын еске аламын – қимам қышып.

Тіршілік тұрғызады,
Құлатады,
Сақтайды аузымдағы –
Алла атағы.
Көзге ыстық,
Шалдан қалған – дүниелер
Көңілдің көлдей мұңын жұбатады.

Кемер кісе,
Төрдегі күмістелген,
Білмеймін қай ауылда, кім істеген.
Бұрап салған өрнегі келісімді
Қақталып, шебер қолмен тегістелген.

Оқшантай,
Қанжары жоқ, қыны қалған,
Шашақты салпыншағы, қабы тозған.
Айтатын,
Әкем белге тағарында
Зергер
Бір үйірдің құнын алған.

Ілулі он екі өрім,
Қамшысы,
Тер сіңген бойында қалды күші.
Тобылғы сап астында –
«Тоба» деген,
Келмеген жан,

Әкемді танығысы!

Тымағы,
Ілулі тұр,
Құраны да,
Жазылған тері қапқа – ұраны ма?!
Көзіме, бәрі де ыстық көрінеді
Елестеп қорадағы орағы да.

Кезінде жалт қаратқан тамам елді,
Тоқылған түйе жүннен шапан еді.
Етегі – жусан сіңген созылып тұр
Өзгертті, салт дәстүрді заман тегі.

Жатырмын,
Көзбен көріп, оймен сезіп,
Ерке өстім,
Көргенім жоқ күйбең кешіп.
Ұстаған мүліктерін сақтап келем
Ұрпаққа –
Берсем болды түгел шешіп.

АСТАНА

Аспан үйлер, Астанаға жарасқан,
Ән салады, түрлі дауыс тынбастан.
Бір ай кеткен, үйін іздеп – адасар
Маужырайды жұлдыз төгіп түнгі аспан.

Гүл Астана, күннен-күнге аспандап,
Ағады Есіл, көк толқынын астарлап.
Адам түгіл, көзі тоймай, сағынып
Көк жүзінде, айналады құс шарлап.

Бабамның аманаты – қалған заты,
Тіл мен Дін, алып ұшар қос қанаты.
Жер мен Елдей, ардақты – асыл мұра
Қазақтың дастарқаны – Махаббаты!

Одан үлкен, еш нәрсе болмақ емес,
Атақ, мансап, Хандық та жалған елес.
Дастарқанның, дәм, тұзын – аттамаған
Пенденің,
Жер бетінде – Рухы өлмес!

ҚАЙЫҢДЫ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

Құшағымда Қайыңды қызғалдағы,
Қызғалдақтай құлпырған қыз арманы.
Көктем кешіп келеміз, шалқып есіп
Екі беттің басылмай қызарғаны.

Гүл төгіліп ернінен құлпынайдай,
Ақ мандайы жайнаған алтын Айдай.
Бұла бұрым бұлқынған иығында
Назданады Торғайдың толқынындай.

Жетелейді құс үні тамылжыған,
Жасыл майса жайылды шабылмаған.
Лүпілдейді бір соғып жүрегіміз
Ыстық құшақ, балғын төс балбыраған.

Гүлге оранып тыңдадың құстар әнін,
Айдан, Күннен – өзінді қызғанамын.
Туған жердің төсінен үзіп алған
Естен кетпес алғашқы – қызғалдағым!

АҚ БІЛЕЗІК

Бір үйдің мандайдағы,
Ай-Күні едік,
Бір-бірімізге бақ тіледік.
Сақталып сан жыл жатқан
Сандықтағы,
Саған әкеп, сыйладым,
Ақ білезік!

Ақ білезік –
Әжемнің мұрасы еді,
Білмедім,
Қай ғасырдың құрдасы еді?
Біраз жыл
Шешем тағып – аманаттап
Ол да өтті
Ырыздықтың арнасы еді.

Дәуірдің думан қуған – серігісің,
Бойында сертке берік,
Сенім – күшің.
Тұрасың мысын басып
Ақ білезік,
Мейірлі, адал, ыстық – сенің түсің!

Жайнатып кеудемдегі орнанымды,
Бір інкәр сезім билеп жан-жағымды.
Үндемей білегіңе салдым сипап
Ақ білезік,
Сактар деп арнанымды.

БҮЛБҮЛЫМ

Тамам елді тамсандырған – Бұлбұлым,
Алкымдыға ән салдырған - Бұлбұлым,
Көмейіңнен күміс үнің сыңғырлап
Уыз тілің, шөл қандырған - Бұлбұлым,

Тал, терекке қонақтаған - Бұлбұлым,
Таң арайын тарақтаған - Бұлбұлым,
Тербегіліп,
Тебірентіп жер-көкті,
Киелі үнмен аластаған - Бұлбұлым,

Даусыңменен оянамын -Бұлбұлым,
Тәтті үніңді қия алмаймын - Бұлбұлым,
Өз үнімді,
Шығара алмай, тобырдан
Жүргеніме, ұяламын - Бұлбұлым!

Махаббаттан мәңгілік жыр туады,
Бал аралар шырын гүл қуады.
Гүл болмаса, бал қайдан пайда болған
Тіршіліктің – бітпейді мың сұрағы.

Қыз секілді, гүл көздің жауын алған,
Жұпар иісін аймалап, тауып қанған.
Тауып қанған бөленіп ләззатқа
Қуат алып, тұла бой жарық таңнан.

Қуат күнің сарқылса, қызық бітер,
Иіскеткен алқымын қыз да кетер.
Шатқаяқтап құлайсың құс төсекке
Ғұмыр барда, бәрін де бастан өткер!

Аласұрып, ынтығып, құмарланып,
Ғашық жүрек – елжіреп жатыр жанып.
Жүз суып, жүз өртеніп, сезім оты
Лапылдаса жата алмас жатырқанып.

Суретте: ақын Бақыткерей Ысқақ пен жары Жанар Зәйкекелінінің жастық шақтарынан бір көрініс.

Суретті түсірген Қазақстанның талант-ты фото-журналисі Рахымбай ХАНӘЛІ